



Елдіктің айбары
айшықталған күн



2-бет

Өндіріс
жағалағанның
өзегі талмайды



4-бет

Ұстаз жолы –
ұрпаққа ұлағат



8-бет

• ЖОБА

«Ақылды өткел» іске қосылды

Қарағандыда жол қауіпсіздігін күшейту мақсатында жаңа жүйе іске қосылды. Орталық саябақтың Жауынгер-интернационалистер көшесі жағындағы кіреберісінде ақылды жаяу жүргіншілер өткелі жұмысын бастады.

Жаңа кешен қызыл жарыққа өткен жаяу жүргіншілерді тіркеп қана қоймай, Face ID технологиясының көмегімен ішкі істер органдарының есебінде тұрған азаматтарды анықтай алады. Құқық бұзушылық тіркелген жағдайда ақпарат автоматты түрде жақын маңдағы полиция бекетіне жіберіліп, сол жерде әкімшілік хаттама жедел рәсімделеді.

Қазіргі уақытта жүйе пилоттық режимде жұмыс істеп тұр. Айта кетейік, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 615-бабына сәйкес, бағдаршамның тыйым салатын сигналына жолды кесіп өткені үшін 8 650 теңге көлемінде айыппұл қарастырылған. Егер мұндай құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, айыппұл мөлшері 43 250 теңгеге дейін ұлғаяды.

Тәртіп сақшылары тұрғындар мен қала қонақтарын жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Жанерке ХАСЕНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Туризмді инфрақұрылым тұғырландырады

Туризмді дамыту үшін ең алдымен сапалы инфрақұрылым қажет. Бұл ұғымға қала келбеті, жолдардың сапасы, жарықтандыру жүйесі, медициналық қызмет көрсету және өзге де базалық жағдайлар кіреді. Яғни, демалушыға жайлы орта қалыптастыру – туристік саланың негізгі талабы. Себебі, туристер белгілі бір қызмет үшін қаржы төлейді. Сәйкесінше, олар сол қаржыға лайық сапалы сервис күтеді. Осы тұрғыдан алғанда, Балқаш қаласында инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі жүзеге асып келеді. Қала қошелері абағандырылып, жол инфрақұрылымы жақсартылған. Сонымен қатар, медициналық қызмет көрсету жүйесі де заманауи талаптарға сай. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 5 қазанда Қарағанды облысына жасаған жұмыс сапары барысында Балқаш қаласының әуежайын жаңғырту жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Бүгінде бұл тапсырма толық орындалып, жанартылған әуежай алғашқы рейсін қабылдады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуеті артқан әуежай

Әуежайды кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары бірнеше жыл бойы жүйелі түрде жүргізілді. Атап айтсақ, 2024 жылы №2 рульдеу жолы мен перронды реконструкциялау жобасы толық аяқталған. 2025 жылы арнайы техникаларға арналған ғимараттың құрылысы салынып, әуежайдың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында 10 бірлік заманауи аэродромдық техника сатып алынды. Ал, биыл аэровокзал ғимараты толық жаңғыртудан өтті. Тарихи сәулеттік келбеті сақталғанымен, нысанның ішкі кеңістігі мен



инженерлік-техникалық инфрақұрылымы халықаралық талаптарға сай толық жанартылыпты. Әуежайға жаңа буындағы тексеру және бақылау жабдықтары орнатылып, келушілер залына багаж тасымалдайтын кон-

вейерлік лента іске қосылды. Сонымен қатар, ғимарат заманауи жиһаздармен және кенсе техникасымен толық жабдықталып, электрондық ақпараттық таблолар орнатылды. Әуежай инфрақұрылымын кеңейту мақ-

сатында екі қосымша нысан салынған. Келу және ұшу залы мен 12 арнайы көлікке арналған көлік тұрағы бой көтерді.

► 5-бет

Әділдіктің жаңа парадигмасы

Қазақстанның сот жүйесіндегі түбегейлі реформа – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданғанына бес жыл толды. Қарағанды «Мемлекет әрқашан хак» деген ескі қағиданың күшін жойып, сот төрелігіндегі «белсенді сот» парадигмасының қалай қалыптасқанын сарапта салды. Бұл – шенеуніктерді заң алдында жауапкершілікке тартатын және әрбір азаматтың мүддесін мемлекеттік аппараттың амбициясынан биік қоятын құқықтық дәуірдің басы.

Тарихи белес, құқықтық реформа

Қазақстанның сот жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер Мемлекет басшысының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне қол қоюымен басталды. Бұл заңнамалық акт еліміздегі әкімшілік юстицияның дамуына серпін беріп, мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтерді. 2021 жылдың I шілдесінен мамандандырылған әкімшілік соттар, апелляциялық және кассациялық сот алқалары жұмысын бастап, халыққа заңды қорғаудың жаңа ин-



Коллектив жасаған Арнайым Костенко

ституционалдық негізін ұсынды.

2025 жылдың I шілдесінен елімізде сот төрелігі жаңа сатымен – жеке кассациялық соттардың іске қосылуымен толықтырылды. Бұл реформалардың басты мақсаты – «Заң және тәртіп» концепциясы аясында азаматтардың, заңды тұлғалардың және кәсіпкерлердің құқықтарын жария-құқықтық дауларда тиімді қорғау болып табылады.

– ӘРПК енгізген ең маңызды өзгеріс – соттың функциясын түбегейлі өзгерту. Егер бұрынғы азаматтық сот ісін жүргізуде сот тараптардың ұсынған дәлелдерін ғана бағалайтын

енжар арбитр ролін атқарса, әкімшілік юстицияда сот белсенді рөлге ие.

Дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктелді. ӘРПК-ның 129-бабына сәйкес, азамат өз құқығын қорғау үшін кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Керісінше, әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға өзі қабылдаған шешімнің заңдылығын құжат жүзінде дәйектеуге тиіс, – деді Қарағанды облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Сәуле Джалбырова.

Қарағанды облыстық адвокаттар



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

алқасының өкілі Ирина Маленко бұл реформаның адвокатура мен қарапайым халық үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті. Бұрынғы кезде азамат пен мемлекеттік орган арасындағы дау «Давид пен Голиафтың» айқасын еске түсіретін. ӘРПК бұл кедергіні жойып, сотқа белсенді рөл берді. Қазіргі таңда сот жүйесі енжар бақылаушы позициясынан бас тартып, істің ақиқатын ашуға бағытталған белсенді тұлға айналды.

Егер бұрын азаматтар мен бизнес өкілдері сотта мемлекеттің үстінен небәрі 15% жағдайда ғана жеңіске жетсе, қазір бұл көрсеткіш 65%-дан асты. Бұл – мемлекеттің жеңілісі емес, мемлекеттік аппараттың жауапкершілігінің артуы.

► 4-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Қаспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнына) баламалы жазылу жүргізіледі.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Елдіктің айбары айшықталған күн

Тутұғыр алаңында Мемлекеттік рәміздер күні «Рәміздер рухы – Конституция күші» атты патриоттық форум өтті. Елдік рухты ұлықтап, көк байраққа құрмет көрсеткен салтанатты жиынға 4 мыңнан астам тұрғын жиналды. Олардың қатарында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов, қоғам белсенділері, спортшылар, жастар және қала тұрғындары болды.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекелік форумның шымылдығы әсерлі көрініспен түрілді. Алаңға Мемлекеттік Ту салтанатты түрде өңірдің белсенді жастары мен аймақ намысын халықаралық аренада қорғап жүрген спортшылар көтеріп шықты. Олардың қатарында Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бағуаттық гимнастикадан Олимпиада ойындарының қатысушысы, Азия ойындарының күміс жүдегері, ұлттық құрама мүшесі Данил Мусабаяв, жауынгерлік самбодан 2025 жылғы әлем чемпионы, Азия чемпионы, Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Төлеухан Ниятхан, сондай-ақ, еркін күрестен әскери қызметшілер арасындағы әлем чемпионаты мен Азия чемпионатының қола жүдегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Әділ Оспанов болды.

Көк байрақ алаң төріне көтерілген сәтте Мемлекеттік Әнұран шырқалып, жиналған жұртшылықтың жүрегінде елдік рух пен ортақ мақтанш сезімі асқақтады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жиналған қауымды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтады.

– Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран – тәуелсіздігіміздің темірқазығы, елдігіміздің еңселі белгісі. Бұл – ұлт рухын асқақтататын қасиетті де қастерлі құндылықтар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Мемлекеттік рәміздер арқайсымыздың бойымызда мақтанш сезімін оятады. Сын сағаттарда да, жеңіске жеткен сәттерде де барша азаматты бір мақсатқа жұмылдырады. Ту, Елтаңба, Әнұранымыз халқымыздың тағдырына деген жауапкершілікті нығайтады. Мемлекеттік рәміздер мен Конституция – егемен еліміздің



тұғыры мен тұрақтылығының берік негізі. Туымыз тұғырымызды, Елтаңбамыз елдігімізді, Әнұранымыз рухымызды айшықтай берсін. Мереке құтты болсын! – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Алқалы жиында облыс әкімі Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі және облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін бірқатар азаматты Алғыс хатпен марапаттады. Марапатталғандардың қатарында білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, спорт және құқық қорғау салаларының өкілдері бар.

Форум аясында жас ұрпақтың бойына отансүйіштігі сезімін сіңіруге бағытталған дәстүрлі рәсім де өтті. М.Жұмабаев атындағы №39 мектеп-гимназиясының оқушылары республикалық «Жас Ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданды. Жас ұландардың салтанатты түрде ант беруі форум мазмұнын аша түсіп, рәміздерге құрметтің ұрпақ сабақтастығымен жалғасатынын көрсетті.

– Бала күнімізден елдіктің мәнін түсініп, Мемлекеттік рәміздерімізге құрметпен қарауға тәрбиеленіп келеміз. Бүгін таңертеңнен осындай үлкен алаңға жиналып, елдік рухты сезінуіміздің өзі біз үшін ерекше әсер сыйлады. Мектеп қабырғасында жүрген кезімізден-ақ ұлттық тәр-

биеге негізделген патриоттық іс-шаралар жиі өтеді. Мұндай игі істер бізді Отанды сүйуге, елге адал қызмет етуге, әділдік пен жауапкершілікке баулиды. Әсіресе, мектебімізге есімі берілген Мағжан атамның отты жырлары арқайсымыздың жүрегімізге жігер береді. Оның елдік, ерлік, рух туралы өлеңдері бізді жақсы азамат болуға, туған жерімізді қадірлеуге үндейді, – деді М.Жұмабаев атындағы №39 мектеп-гимназиясының оқушысы Бекнұр Сыздықов.

Өз кезегінде көк байрағымызды әлемдік аренада жұлбыртып жүрген Данил Мусабаяв та мінберге көтеріліп, жиналған жұртшылықты мерекені құттықтады.

– Еліміздің көк байрағын әлемдік аренада асқақтату – біз үшін зор абырой әрі жауапкершілік. Әрбір жеңіс тұғырында Туымыз көтерілген сәтте туған елге деген мақтанш еселене түседі. Көк Туымыз үнемі биікте желбіреп, елдігіміз асқақтай берсін, – деді спортшы.

Патриоттық форум мерекелік концертке ұласты. Өңір өнерпаздары мен казак эстрадасының жарық жұлдызы Қуандық Рахым әулеті ән шырқап, қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ФОРУМ

Тәуелсіздік тұмары

Теміртау қаласының «Шығыс» саябағында 4 маусым Мемлекеттік рәміздер күні салтанатты түрде аталып өтті.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ежелден қай елдің болмасын мемлекеттілігін айқындап, белгілейтін 3 рәмізі бар. Олар – сол мемлекеттің Әнұраны мен Елтаңбасы және Туы. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше Астана қаласында мемлекеттік Туымызды көтеру салтанатында сөйлеген сөзінде «Елтаңба – елдігіміздің айшықты белгісі, Әнұран – азаттығымыздың айыны үні, Көк Туымыз – Тәуелсіздік тұмары. Төбемізге көтеріп, қадір тұтатын осы үш рәмізді мемлекеттігіміздің мызғымас ұштағаны десек, артық болмайды» деген болатын.

Еліміз егемендік алғаннан кейін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңы 2007 жылдың 4 маусымында қабылданып, бекітілген еді.

Міне, сол уақыттан бері бұл мерекелік күн жыл сайын Теміртау қаласында да ерекше тойланып келеді.

Соған байланысты құрышылар қаласының «Шығыс» саябағында өткен «Көк Тудың желбірегені» атты форумға мемлекеттік органдардың қызметкерлері, қалалық мәслихат депутаттары, жастар мен әскерилер, қала тұрғындары қатысып, Көк Туымыз келтіріліп, Әнұранымыз жаппай шырқалды.

Мерекелік салтанатта Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов құттықтау сөзінде:

– Біз мемлекеттік рәміздерімізді ұлықтап, тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз. Осынау ұлан-ғайыр жерімізді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған бабалар аманатына адал болуымыз керек. Олар елі азат, жері тұтас қуатты мемлекет құруды, жеруіықта ғұмыр кешуді аңсады. Елімізді әлемнің маңдайалды мемлекеттерінің қатарына қосып, қарқынды дамытып, өркендете беру – біздің қастерлі де қасиетті борышымыз, – деді.

Ал, жергілікті өнерпаздар мереке көрігін одан сайын қыздыра түсіп, «Грация» би ансамблі «Асқақ рух» хореографиялық композициясын қойып, «Елім-ай!» және «Камерата» аралас хорының мүшелері ән шырқалды.

Жиналғандар алдында Теміртаудағы 5516 әскери бөлімнің жауынгерлері қару-жарақпен көрсеткен әскери қимылдары да жұртшылықты, әсіресе, болашақ Отан қорғаушыларды жақсы әсерде қалдырды.

Патриоттық рухта өткен Мемлекеттік рәміздер мерекесі Теміртау қалалық Мәдениет сарайының әншілері асқақтата шырқаған «Қазақстаным!» әнімен түйінделді.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

Қыста қапы қалмас үшін

«Абайлық жылу жүйелері» ЖШС жылумен жабдықтау саласындағы қызметті атқарып, тұтынушыларға жылу энергиясының үзіліссіз және сенімді берілуін қамтамасыз етеді. Оның қызмет көрсету аймағына Абай қаласы мен Топар кентінің жылу жүйелері, Южный кентінің қазандығы кіреді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылдың жылыту маусымы Абай ауданында 2025 жылдың 27 қыркүйегінде басталып, 2026 жылдың 24 сәуірінде аяқталған еді. Осы есепті мерзімде тұтынушыларға жылу энергиясы тоқтаусыз жеткізіліп тұрды. Нысандарды пайдалану бекітілген кестеге және нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Жылу жеткізгіштердің жұмысына, соның ішінде температура мен қысымына күнделікті бақылау жүргізіліп, жабдыктардың жай-күйіне мониторинг жасалды.

Енді алдағы 2026-2027 жылдың жылыту маусымына даярлық шеңберінде «Абайлық жылу жүйелері» ЖШС кәсіпорны тұтынушыларды жылумен толасыз және сапалы қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың кешенін әзірлеген. Оған даярлық Қазақстан Республикасының «Жылу энергетикасы туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңдары мен жылу-энергия қондырғыларын техникалық пайдаланудың ережелеріне және басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жүзеге аспақ.

Бұл жөнінде «Абайлық жылу жүйелері» ЖШС директорының міндетін атқарушы Валентина Әбдіхалықова.

– Біздің кәсіпорында алдағы жылыту маусымына жылумен жабдықтау нысандарын әзірлеу жөнінде шаралар жоспары бекітілді. Соның негізінде жылу жүйелерінде ағымдағы және күрделі жөндеу



жұмыстары қолға алынып, магистралдық және орамшылдық тораптардың гидравликалық сынағы барысында анықталған ақаулардан арғы бойынша жұмыстар жасалында. Сондай-ақ, жылу жүйелерінің энергиялық тиімділігін, қауіпсіздігі мен ұзақмерзімділігін қамтамасыз ету үшін жылу жүйелерінің изоляциясын қалпына келтіру де іске асырылуда. Әсіресе, бұл орайда жылу жүйелерінің тозығы жеткен, апатты бөліктері ерекше назарда, – дейді.

Мысалы, 2026 жылға арналған инвестициялық бағдарлама аясында Абай қаласының 14 орамшылдық жылу жүйелерінің 68 801,022 мың теңге тұратын ағымдағы жөндеуі көзделген. Мұнда мердігер

анықталып, қазірде құбырөткізгіш пен тірек блоктары монтаждалауда.

Бүгінгі таңда кәсіпорын «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғыртудың» Ұлттық жобасы шеңберінде КарГЭС-тен Абай қаласындағы «Абай» сорғы станциясы мен ЖК-15-ке дейінгі магистралдық жылу тораптарын реконструкциялаудың бірінші кезегінің шаруаларын тындыруда.

Осынау жоба жүзеге асқан күнде Абай қаласының 28,5 мың тұрғыны, сол сияқты 26 әлеуметтік нысан, бес мектеп, алты балабақша, 22 кімшілік ғимарат пен 252 көпқабатты үй сапалы жылумен жабдыкталатын болады. Сондағы бірінші

кезектің тиімділік көрсеткіштері тозудың азаюынан – 12,76, нормативтік шығындардан – 1,06, апаттылықтың кемуінен – 100 пайызды құрайды.

Валентина Әбдіхалықованың айтуынша, мердігер белгіленіп, «Алматын-жұрғылы» АҚ-мен оның құрылысын толық жүргізіп, аяқтау жөніндегі келісім-шартқа қол қойылыпты.

Жылу жүйелерін реконструкциялаудың осы жобасын жүзеге асыру кезінде жобалық шешімдер мен қолданыстағы заңдардың сақталуы қадағаланып, бақыланады. Мердігер ұйымдарға құрылыс-монтаж жұмыстарын жобалық-сметалық құжаттамаға қатаң сәйкестікке жүргізудің қажеттігі туралы талаптар; рұқсат ету құжаттамасын рәсімдеу; жұмыстарды техникалық қадағалаумен келісу; авторлық қадағалау талаптарын сақтау ескертіліп, жеткізілді.

Кейінгі бір жаналық – «Абайлық жылу жүйелері» ЖШС кәсіпорнында есептегі аспаптардың мәліметтерін талдау мен жылумен жабдықтау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект элементтерін енгізу мен дамыту жөніндегі әрекет. Сондай-ақ, осында есептегіш аспаптардың мәліметтерін қашықтан жинау мен мониторинг жасау; нақты мезгіл режимінде жылу жеткізгіштің параметрлерін бақылау; штаттан тыс жағдайлар мен ауытқуды жедел анықтауды; талдау есебін қалыптастыруды қамтамасыз ететін SCADA бағдарламалық кешені енгізіліп, пайдаланылуда.

– Осы заманғы цифрлық шешімдерді пайдалануымыз, – дейді жанашыл басшы Валентина Әбдіхалықова, – бізге жабдыктар жұмысының сенімділігін арттыруға, технологиялық бұзылыстарға дер кезінде назар аударуға және көрсететін қызметіміздің сапасын жақсартуымызға мүмкіндік береді.

Кәсіпорында еңбек қорғау мен техникалық қауіпсіздік талаптары сақталынып, ұжым мүшелері жұмыстарды атқару кезінде қауіпсіздік нормаларын сақтауға үнемі оқытылып, оларға тиісті нұсқаулар



беріліп отырады.

Қысқы жылыту маусымына әзірлік кезеңінде жылу жүйелеріне гидравликалық сынақтар өткізу де маңызды. Соның нәтижесінде жылу жүйелерінің ақаулы және әлсіз тұстары анықталып, оларды жою жұмыстары ұйымдастырылады. Мәселен, биылғы 28 сәуірде орамшылдық тораптарға жасалған осындай сынақтарда – 19, 29 сәуірде магистралдық тораптарда – 28, ал, 5 мамырда Топар кентінде – 35, Южный кентінде – 21 ақау белгілі болды.

Әрі тұтынушылармен өздерінің жауапкершілігіндегі үйшілік жылу жүйелерін шайып отыру қажеттігі бойынша да жұмыстар жүргізіледі. Оны орындамаған тұтынушылардың үйлері қолданыстағы ережелер талаптарына сәйкес тек қана кінәраттар мен ақауларды жойған соң ғана жылу жүйесіне қосылады.

Өңгімесінің қорытындысында Валентина Әбдіхалықова жылыту маусымы басталғанша аяқтау жоспарланып отырған біраз шаруаны айтты. Яғни бұл аралықта Абай қаласы мен Южный, Топар кенттері жылу жүйелерінің негізгі учаскелерінде жөндеу жұмыстарын бітіру, олардағы гидравликалық сынақтар анықтаған ақауларды жою, жылу тораптары мен сорғы жабдыктарын дайындау, жүйелерді шайып, тығыздау, әзірлік актілерін рәсімдеу, апаттық материалдар мен жабдыктардың қорын әзірлеу кезек күтіп тұрса, мұның бәрі уақтылы орындалып, Абай ауданының халқы алдағы қысты алаңсыз қарсы алады деп ойлаймыз.

Абай ауданы

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА

Кенді өлкенің келешегі кемел

Облыстық мәслихаттың өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының кезекті отырысында аймақ дамуының өзекті мәселелері кеңінен талқыланды. Комиссия төрағасы Серғазы Әдеkenовтің жетекшілігімен өткен жиында 2025 жылға арналған облыстық бюджеттің орындалуы және облыстың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының қорытындылары қаралды. Отырысқа облыстық мәслихат депутаттары, басқарма басшылары, тексеру комиссиясының мүшелері мен жауапты мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

көзделсе, оның 136-сы немесе 87,2 пайызы орындалған. Тікелей нәтиже көрсеткіштерінің 93 пайызы орындалса, түпкілікті нәтиже көрсеткіштері бойынша бұл көрсеткіш 76,3 пайызды құрады. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы 6 млрд 917,7 млн теңгені толық игеріп, бюджеттің орында-

Нәтиже көңіл көншітеді

Жиынның күн тәртібінде екі маңызды мәселе көтерілді. Біріншісі – облыстық бюджеттің орындалуы, екіншісі – өңірдің бес



басқармасының басшысы Дулат Ашкенов кеңінен айтып берді. Дерекке сүйенсек, 2025 жылы облыстың даму жоспары аясында көзделген негізгі көрсеткіштердің басым бөлігі орындалған.

Аймақ экономикасының нақты өсімі 104,6 пайызды құрап, жоспарлы межеден аскан. Еңбек өнімділігінің индексі 119,1 пайызға жетіп, бөгілген көрсеткіштен едәуір жоғары нәтиже көрсетіпті.

Қалалардағы әлеуметтік стандарттармен қамту деңгейі 93,6 пайызға, ауылдық жерлерде 69,5 пайызға дейін өсті. Шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 23,2 пайызды құрады.

Өнеркәсіп – саласы өңір экономикасының негізгі драйвері. 2025 жылдың қорытындысында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,9 трлн теңгеге жеткен. Оның ішінде өңдеуші өнеркәсіп көлемі 3,8 трлн теңгені құрап, нақты өсім 5,8 пайыз болған.

Машина жасау саласында өндіріс көлемі 581,8 млрд теңгеге дейін артқан. Құрылыс материалдары өндірісі 152,5 млрд теңгеге, химия өнеркәсібі 110,1 млрд теңгеге, фармацевтика өндірісі 39,2 млрд теңгеге жеткен. Облыста болат өндірісі 3,8 млн тоннаға, мыс өндірісі 227 мың тоннаға дейін өскен.

Балқаш қаласының кешенді даму жоспары аясында өңдеуші өнеркәсіп көлемі жоспарланған 630 млрд теңгенің орнына 1 трлн теңгеден асып түскен. Десе де, бірқатар маңызды көрсеткіштер орындалмаған. Атап айтқанда, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі жоспарланған 1,5 трлн теңгенің орнына 1,39 трлн теңгені құрады.

Өңір экономикасында өсім бар

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе бойынша облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау

луын 100 пайыз деңгейде қамтамасыз еткен.

Басқарманың сегіз бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 29 көрсеткіштің бесеуі орындалмаған. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілер санының толық жасақталмауына байланысты екі көрсеткіш орындалмағандықтан, кәсіпкерлерге кепілдік беру бағдарламасы бойынша жоспарланған 196 жобаның орнына 11 жоба ғана қолдау тапқан.

Сондай-ақ Саран қаласындағы «НОВО» жүк көліктерінің шығаратын зауыт жобасының келесі кезеңі 2026 жылға ауыстырылыпты.

Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы 46,8 млрд теңгені игеріп, бюджетті 99,7 пайыз орындаған. Туризм басқармасының бюджетті игеру деңгейі 99,2 пайыз. Ветеринария басқармасы 99,9 пайыздық нәтижеге қол жеткізген.

Жалпы алғанда бюджеттік бағдарламалардың орындалуы



жылдық даму жоспарының соңғы жылдағы нәтижелері.

Комиссия төрағасы Серғазы Әдеkenov өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы әрбір көрсеткіште нақты халықтың тұрмыс сапасы барын атап өтті.

Әр индикаторда тұрғындардың әл-ауқаты, ауылдардың жағдайы, кәсіпкерліктің дамуы, жаңа жұмыс орындары мен инфрақұрылым мәселелері тұр. Сондықтан, барлық көрсеткішке жаңа жақты әрі талапшыл көзқараспен қарауымыз қажет, – деді комиссия төрағасы.

Алғашқы мәселе бойынша облыстық қаржы және мемлекеттік активтер басқарма басшысының орынбасары Ардақ Саттыбаева баяндама жасап, 2025 жылғы облыстық бюджетті орындау қорытындыларына тоқталды.

Оның айтуынша, төрт салалық басқарма бойынша жалпы 48 бюджеттік бағдарлама іске асырылған. Барлығы 156 нәтижелік көрсеткіш

• ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Сарыарқаның» болашағы сарапқа салынды

Қарағанды облыстық мәслихатында «Сарыарқа» хоккей клубы» ЖШС-ін жекешелендіру мәселесіне арналған қоғамдық тыңдаулар өтті. Оған облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Көбжанов арнайы қатысып, депутаттар, жауапты басқарма басшылары, клуб өкілдері және қоғамдық ұйым мүшелері күн тәртібіндегі мәселені жан-жақты талқылады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Облыстық мәслихатқа аймақ басшысының «Сарыарқа» хоккей клубын жекешелендіру қажеттігі туралы хаты келіп түскен. Билтыр Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес, мұндай шешім әкімдік тарапынан міндетті қоғамдық тыңдаулар өткізілгеннен кейін ғана қабылданады. Сондықтан, аталған мәселе мәслихат алаңында ашық талқылауға шығарылды.

Алқалы жиынның модераторы, облыстық мәслихаттың бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі

тұрақты комиссиясының төрағасы Арман Әлімжановтың айтуынша, Үкімет қаулысымен бекітілген мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландыру жоспарына сәйкес, биыл «Сарыарқа» хоккей клубын бәсекелестік ортаға беру қарастырылған. Бұл ретте клубты саудасаттық, яғни аукцион арқылы жекешелендіру ұсынылады.

Облыстық қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Елнар Уахитовтың айтуынша, хоккей клубын қаржыландыру осы уақытқа дейін облыстық бюджет есебінен жүзеге

асырылып келген.

– Кәсіби клубты қаржыландыру өңір бюджетіне едәуір салмақ түсіреді. Басты мәселе – өзін-өзі ақтау тетігінің жоқтығы. Жекешелендіру осы шығынды оңтайландырып, клубқа жеке инвестиция тартуға жол ашады. Сонымен қатар, басқарудың нарықтық үлгісін қалыптастырып, спорт саласындағы басқа да маңызды бағыттарға қаржы бөлуге мүмкіндік береді, – деді Елнар Бекенұлы.

Әрі қарай облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов

клубтың өңір спорты жүйесіндегі орнына тоқталды. Оның айтуынша, «Сарыарқа» хоккей клубы Қарағанды облысы әкімдігінің 2006 жылғы 25 шілдедегі шешімімен құрылған. Құрылтайшысы – облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы.

– «Сарыарқа» хоккей клубы – өңір спортының ғана емес, Қазақстан хоккейінің дамуына өзіндік үлес қосқан команда. Клуб Ресейдің Жоғары хоккей лигасының чемпионы атанған алғашқы қазақстандық ұжым ретінде тарихқа енді. Сонымен қатар, ВХЛ

Шетелдік инвестициялар көлемі де күткен деңгейге жетпеген. Тікелей шетелдік инвестициялар ағыны жоспарланған 691 млн доллардың орнына 173,7 млн доллар деңгейінде қалыптасқан.

– Инвестиция көлемінің төмендеуіне бірқатар ірі жобалардың аяқталуы әсер етті. Атап айтқанда, «Қарағанды-Балқаш» автожолының реконструкциясы, Tengri Tyres шиналар зауыты және катодты мыс өндіру жобалары инвестициялық кезеңін аяқтады. Сондықтан, статистикада салыстырмалы төмендеу байқалады, – деп түсіндірді Дулат Ашкенов.

Облыстағы орналастыру орындарында қызмет көрсетілген ішкі туристер саны 425 мың адамға жеткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда жоғары көрсеткіш болғанымен, жоспарланған межеге толық жетпеген. Шетелдік туристер саны 19,4 мың адам.

Балқаш курорттық аймағында ішкі туристер ағыны 35,3 пайызға өссе, Қарқаралы өңірінде өсім – 8,2 пайыз. Соған қарамастан, халықаралық іс-шаралардың азаюы мен шетелдік мамандар санының қысқаруы сырттан келушілер легіне әсер еткен.

Комиссия отырысында ауыл шаруашылығы саласының көрсеткіштері де қаралды. Ет өңдеу үлесі 39,8 пайызға жетіп, жоспардан жоғары орындалған. Сүт өңдеу көлемі де жоспарланған межеден асып түскен.

Су үнемдеу технологияларын енгізу бағытындағы жұмыстар нәтижесінде 122 мың гектар алқап қамтылып, жоспар бірнеше есе артық орындалған.

Дегенмен, астық түсімінің төмендеуі салдарынан ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты көлем индексі 100,3 пайызды ғана құрап, жоспарлы көрсеткішке жете алмаған.

Әлеуметтік мәселе де назарда болуы тиіс

Отырыс барысында депутаттар баяндамашыларға көптеген сұрақ қойып, өз ұсыныстарын білдірді.

Облыстық мәслихаттың депутаты Қадия Базарбайқызы орындалмаған көрсеткіштердің себептеріне ерекше тоқталып, инвестиция тарту, ауылдық жерлердегі инфрақұрылым сапасы, туристік әлеуетті тиімді пайдалану мәселелеріне алаңдаушылық білдірді. Ол әсіресе, халықтың қауіпсіздігіне қатысты түйткілдерді назардан тыс қалдырмау қажетті-

гін айтты.

– Біз инвестиция мен өндіріс туралы айтып отырмыз. Бірақ тұрғындарды күнделікті алаңдататын мәселелер де бар. Қауіпсіздік, елдімекендердегі инфрақұрылым, бұралқы жануарлар мәселесі тұрғындардан жиі көтерілетін сұрақтардың қатарында. Сондықтан, бұл мәселелер жүйелі бақылауда болуы тиіс, – деді депутат.

Комиссия мүшелері өңірдегі бұралқы иттердің көбеюіне байланысты жағдайға да назар аударды. Бұл мәселе тұрғындардан түсетін өтініштердің ішінде әлі де өзекті болып отырғаны айтылды. Ветеринария басқармасы тарапынан қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау және паналату жұмыстары жүргізіліп жатқаны, бұл бағыттағы бағдарламалардың орындалуы 100 пайыз болғаны хабарланды.

Сонымен бірге, қоғамдық қауіпсіздік, төтенше жағдайлардың алдын алу, ауылдық елдімекендерді қорғау деңгейі, өрт қауіпсіздігі және тұрғындарды дер кезінде хабардар ету мәселелері де талқыланды.

Отырысты қорытындылаған Серғазы Әдеkenov аймақта оң нәтижелер аз еместігін, алайда, орындалмаған көрсеткіштерге байланысты нақты жұмыстардың белсенді жүргізілуі қажет екенін айтты.

Жалпы алғанда даму жоспарының негізгі бағыттары бойынша оң көрсеткіштер қалыптасты. Дегенмен, инвестиция тарту, туризмді дамыту, ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру және халықтың қауіпсіздігіне қатысты мәселелер ерекше назарда болуы тиіс. Комиссия бұл бағыттағы жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстайды, – деді ол.

Комиссия отырысының қорытындысында депутаттар облыстың 2025 жылғы даму жоспарының орындалуы туралы есепті назарға алып, жауапты басқармаларға нақты ұсыныстар жолдады.

Сарапшылардың пікірінше, кеншілер өлкесі соңғы жылдары өнеркәсіптік әлеуетін күшейтіп, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда оң нәтижелер көрсетіп келеді. Ал, алдағы кезеңде инвестициялық белсенділікті қалпына келтіру, туризмді әртарапандыру, ауыл шаруашылығын жаңғырту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру міндеттері өзектілігін сақтай береді.

Суреттерді түсірген автор

жетістіктерін бір кеңістікке тоғыстыруға бағытталған.

Оның айтуынша, болашақ экпозицияда «Сарыарқа», «Ұлан» және «Қармет» клубтарының тарихы, жеңісті сәттері, спортшылардың жеке жетістіктері мен архивтік деректер қамтылады.

Жиын барысында қатысқан тыңдаушылар да өз пікірлерін білдіріп, клубтың тарихи мұрасын сақтау, жастар хоккейін қолдау және болашақ инвестордың әлеуметтік жауапкершілігіне қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Арман Әлімжановтың айтуынша, хаттамада болашақ инвестордың әлеуметтік және инвестициялық міндеттемелерін орындауына қоғамдық бақылау орнату, клубтың тұрақты қаржыландырылуын қамтамасыз ету, жаттықтырушылар құрамын және балалар мен жасөспірімдер хоккейін дамыту, сондай-ақ, клуб қызметі туралы жыл сайынғы жария есеп беру тәжірибесін енгізу жөніндегі ұсыныстар қамтылады.

Түпкілікті шешім тиісті рәсімдер мен талқылаулардан кейін қабылданбақ.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

Өндіріс жағалағанның өзегі талмайды

Қарағанды облысы елімізде дуальді оқыту жүйесін алғашқылардың бірі болып жүзеге асырған аймақтардың қатарында. Бүгінде осы бағытта 12 колледж студенттерді өндірістен қол үзбей оқыту арқылы білікті мамандарды даярлап келеді. Қазіргі еңбек нарығы қарқынды дамыған заманда өндіріс орындары тек теориялық білім емес, тәжірибелік дағдылары қалыптасқан, кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандарға сұраныс танытуда. Осы тұрғыда дуальді оқыту жүйесі жастарды кәсіби маман ретінде дайындаудың ең тиімді жолдың біріне айналып отыр.



Бұл жүйенің артықшылықтары көп. Біріншіден, студент оқу барысында нақты жұмыс орнымен танысып, кәсіби дағдыларын дамытады. Екіншіден, көптеген жағдайда өндірісте жұмыс істегені үшін шәкіртақы немесе жалақы алады. Үшіншіден, оқу орнын бітіргеннен кейін сол кәсіпорында жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары болады.

Қарағанды қаласында осы дуальді оқыту жүйесін енгізіп, оны белсенді түрде жүзеге асырып отырған – Қарағанды жоғары политехникалық колледжі. Жүйенің негізгі мақсаты – студенттің тек теориялық білім алып қана қоймай, сол білімін нақты өндіріс жағдайында қолдана білуіне мүмкіндік жасайды. Қазіргі таңда еңбек нарығында жұмыс берушілер дайын, тәжірибесі бар, өндіріс тәртібін білетін мамандарды қажет етеді. Сондықтан, колледждер үшін дуальді оқыту – заман талабына сай маман даярлаудың тиімді жолының бірі.

Дуальді оқыту тек студентке ғана емес, колледжде де, жұмыс берушіге де тиімді. Колледж еңбек нарығының талабын жақсы түсінеді, жұмыс беруші өзіне қажетті кадрды алдын ала дайындайды. Ал, студент оқу кезінде-ақ кәсіби ортаға кіре бастайды.

Дуальді оқытудың белгілі бір қиындықтары да бар. Мысалы, оқу мен жұмысты қатар алып жүру кей студенттер үшін ауыр болуы мүмкін. Сонымен қатар, барлық кәсіпорындар бұл жүйеге бірдей дайын емес.

Ең бірінші мәселе – студенттің уақытын дұрыс ұйымдастыру. Оқу мен өндірістің тәжірибесін қатар алып жүру жауапкершілікті талап етеді. Студент сабаққа да дайындалуы керек, өндірісте тапсырмаларды да уақытында орындауы тиіс. Кейбір білім алушылар бастапқы кезде жұмыс тәртібіне, ерте тұруға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға, өндірістік ортадағы талаптарға бірден бейімделе алмай жатады.

Екінші мәселе – кәсіпорын мен колледж арасындағы үйлестіру жұмыстары. Студент қай уақытта колледжде оқиды, қай уақытта өндірісте болады, қандай тақырыпты өндірісте бекітеді – осының бәрі алдын ала жоспарлануы қажет.

Егер оқу бағдарламасы мен өндірісте жұмыс мазмұны сәйкес келмесе, дуальді оқытудың тиімділігі төмендейді.

Үшінші мәселе – тәлімгерлердің жұмысы. Өндірісте студентке бағыт беретін тәжірибелі маман болуы керек. Ол студентке жұмысты түсіндіріп қана қоймай, қауіпсіздік техникасын, еңбек мәдениетін, мамандықтың жауапкершілігін үйретуі тиіс, – дейді Ә.Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті Маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің жетекшісі Жанболат Ғабитұлы.

Бірақ осы қиындықтар дұрыс ұйымдастыру арқылы шешіледі. Колледж тарапынан жетекші бекітіледі. Кәсіпорынмен келісім, студенттерге түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Студент жауапкершілікпен қараса, оқу мен өндірістік тәжірибесін қатар алып жүруге толық мүмкіндік бар екенін айтады.

Қазіргі еңбек нарығында техникалық және жұмысшы мамандықтарға сұраныс жоғары. Әсіресе өндіріс, құрылыс, тау-кен, энергетика, көлік, машина жасау, ақпараттық технологиялар салаларында тәжірибелі мамандар қажет. Сондықтан, дуальді оқыту арқылы дайындалатын мамандықтар жұмыс берушілер үшін өте маңызды.

Мамандардың айтуынша, Қарағанды облысында тау-кен өндірісі, металлургия, құрылыс, көлік және техникалық қызмет көрсету салалары жақсы дамыған. Сондықтан тау-кен ісі, геология, маркшейдерлік іс, геодезия, техник-механик, электрик, дәнекерлеуші, техник-технолог сияқты мамандықтарға сұраныс бар.

Колледж үшін басты міндет – студентті тек диплом алу үшін емес, нақты еңбек нарығына қажет маман ретінде дайындау. Дуальді оқыту осы мақсатқа жақындатады. Себебі, студент оқу кезінде өндірісте көреді, жұмыс берушінің талабын түсінеді, өз мамандығының маңызын сезінеді.

– Менің тәжірибемде дуальді оқыту жүйесі тиімді екенін көрсетті. Себебі, студент өндірістік тәжірибеден өткеннен кейін пәнге басқаша қарай бастайды. Теориялық сабақта айтылған ұғымдар оған түсінікті болады. Себебі, ол сол процесі өндірісте көріп ке-

леді. Мысалы, геология, геодезия, тау-кен ісі сияқты пәндерде тек аудиторияда түсіндіру жеткіліксіз. Студент жер бедерін, қабаттарды, өлшеу жұмыстарын, қарвер құрылымын, өндірістегі қауіпсіздік талаптарын іс жүзінде көргенде ғана толық түсінеді.

Дуальді оқыту студенттің жауапкершілігін арттырады. Ол өндірісте уақыт тәртібін сақтауды, ұжыммен жұмыс істеуді, тапсырманы нақты орындауды үйренеді.

– Дуальді оқыту жүйесін таңдағалы жүрген студенттерге ең бірінші кенес – мамандыққа жауапкершілікпен қарау. Бұл жүйе жай ғана тәжірибеден өту емес, бұл болашақ жұмысқа дайындық. Өндірісте әрбір әрекет маңызды: уақытында келу, қауіпсіздік ережесін сақтау, тапсырманы дұрыс орындау, үлкен мамандардан үйрену – бәрі кәсіби қалыптасуға әсер етеді, – деді Жанболат Ғабитұлы.

Дуальді оқыту жүйесі Қазақстанның көптеген өңірлерінде қолданылады. Мысалы, Астана, Алматы, Павлодар, Өскемен, Ақтөбе, Шымкент, Қостанай, Атырау, Маңғыстау, Түркістан және басқа да аймақтардағы колледждер өндіріс орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізуде. Әр өңір өз экономикасына байланысты мамандықтарға басымдық береді. Қарағандыда жоғарыда айтылғандай, тау-кен, металлургия, құрылыс, көлік және техникалық қызмет сынды салаларға сұраныс жоғары. Яғни, дуальді оқыту белгілі бір аймақпен шектелмейді. Ол бүкіл ел бойынша еңбек нарығының қажеттілігіне қарай дамып келе жатқан жүйе.

Дуальді оқыту жүйесін тәмамдаған түлектер тау-кен өндірісі, геодезия, маркшейдерлік қызмет, техникалық бақылау, зертхана жұмыстары, құрылыс және өндірістік кәсіпорындарда жұмыс істейді.

Барлық оқу орындары дуальді оқытуға бірдей дайын деп айту қиын. Себебі, бұл жүйені енгізу үшін бірнеше маңызды шарт қажет. Біріншіден, колледждің өндіріс орындарымен тұрақты байланысы болуы керек. Екіншіден, оқу бағдарламасы кәсіпорынның нақты жұмыс процесімен байланыстырылуы қажет. Үшіншіден, өндірісте студенттерді қабылдайтын, үйрететін, қауіпсіздігін қамта-



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

масыз ететін жағдай болуы тиіс.

Кейбір оқу орындарында негізгі кедергі серіктес кәсіпорындардың аздығы екенін де жасырмайды маман. Әсіресе, шағын қалаларда немесе белгілі бір сала бойынша өндіріс орындары аз аймақтарда бұл мәселе жиі кездеседі. Сонымен қатар кейбір кәсіпорындар студент қабылдауға дайын емес болуы мүмкін, себебі, студентпен жұмыс істеу қосымша уақыт пен жауапкершілікті талап етеді.

Тағы бір кедергі материалдық-техникалық база. Колледждегі зертханалар, шеберханалар, оқу кабинеттері қазіргі өндірістегі құрал-жабдықтарға жақын болуы керек. Егер колледждегі база ескі болса, студент өндірістегі жаңа технологияларға бейімделуде қиналуы мүмкін.

Дегенмен, техникалық бағыттағы колледждер үшін дуальді оқыту өте қажет. Бұл жүйеге толық көшу бір күнде болмайды. Бірақ кезең-кезеңімен кәсіпорындармен байланыс орнатып, оқу жоспарларын жетілдіріп, тәлімгерлермен жұмыс жүргізсе, жақсы нәтиже беруге болады.

– Техникалық колледж жағдайында, дуальді оқыту, әсіресе, техникалық мамандықтар үшін қажет. Мысалы, пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу, геология және гидрогеология, геодезия және маркшейдерлік іс бағыттарында студент тек кітапшан шектелмеуі керек. Ол өндірістің аланды, қарьерді, зертхананы, геодезиялық құралдарды, техникалық құжаттарды, қауіпсіздік ережелерін нақты жағдайда көруі тиіс.

Мысалы, маркшейдерлік немесе геодезиялық бағытта оқитын студент нивелир, теодолит, тахеометр сияқты құралдармен жұмыс жасауды тек теория жүзінде емес, дала жағдайында, өндірістік объектеде үйренгенде ғана кәсіби дағды қалыптасуы тиіс. Сол сияқты тау-кен ісінде қарьердің құрылымын, қазу жүйесін, көлік қозғалысын, жарылыс жұмыстарының қауіпсіздігін, еңбекті қорғау талаптарын тәжірибе арқылы түсіну маңызды, – дейді Жанболат Ғабитұлы.

Дуальді оқыту – студент үшін үлкен мүмкіндік. Бұл жүйе арқылы білім алушы мамандығын ерте түсінеді, тәжірибе жинайды, еңбек нарығына дайын болып шығады. Сондықтан, бұл бағытты қолданып, дұрыс пайдалана білген студент болашақта бәсекеге қабілетті маман бола алады.

Ділназ ҚАШПАРОВА,
ҚарҰЗУ-дың
II курс студенті
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

«Алтын жас» – жаңа мүмкіндік

Қарағанды облысында зейнеткерлік жастағы азаматтарды жұмыспен қамтуға арналған «Алтын жас» жобасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама еңбек етуге ниетті зейнеткерлерге жұмысқа орналасуға мүмкіндік беріп, олардың кәсіби тәжірибесін тиімді пайдалануға бағытталған. 2025 жылы жобаға қатысуға ниет білдіргендердің саны жоспарланған көрсеткіштен асып, нәтижесінде 542 адам жұмыспен қамтылды. Биыл 600 адамды қамту көзделген.



Жұмыспен қамту – халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудағы маңызды бағыттың бірі. Осы мақсатта өңірде әртүрлі санаттағы азаматтарды қолдауға арналған бағдарламалар іске асырылып келеді. Соның бірі – осы «Алтын жас» жобасы. Бағдарлама зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтарға арналған және олардың еңбек нарығындағы белсенділігін арттыруға көздейді. Жоба 2025 жылдан бастап, жүзеге асырыла бастады. Бағдарламаға қатысушылар еңбек шартын жасау арқылы түрлі мекемелер мен ұйымдарға жұмысқа орналаса алады. Жұмыс берушілер тәжірибелі мамандарды қызметке қабылдап, олардың кәсіби білімін пайдалану мүмкіндігін иеленді. «Алтын жас» жобасының басты ерекшелігі – жалақыны субсидиялау жүйесі. Қатысушыларға төленетін еңбекақы жұмыс беруші мен жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Жалақының кемінде 50 пайызы жұмыс беруші тарапынан төленсе, қалған бөлігі жергілікті билік тарапынан субсидияланады. Дегенмен, субсидия көлемі Қазақстандағы бір айлық ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайды. 2025 жылы ең төменгі жалақы көлемі 85 мың теңгені құрады.

Бағдарламаға қатысу мерзімі екі жылға дейін белгіленген. Осы уақыт ішінде қатысушылар өз мамандықтары бойынша еңбек етіп, тұрақты табыс табуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, жұмыс берушілер де көпжылдық тәжірибесі бар мамандардың қызметін пайдаланды. 2025 жылы облыста жоба аясында 400 адамды жұмыспен қамту жоспарланған болатын. Алайда, тұрғындардың қызығушылығы жоғары болып, қатысуға өтініш білдіргендердің саны артты. Осыған байланысты бағдарламаға қатысушылар саны ұлғайтылып, нәтижесінде 542 адам жұмыспен қамтылды.

Облыстық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы баспасөз қызметінің дерегіне жобаға әртүрлі мамандық иелері қатысуда. Олардың қатарында бухгалтерлер, мұғалімдер, тәрбиешілер, жүргізушілер, күзетшілер және

басқа да сала мамандары бар. Көптеген қатысушылар бұрын өз салаларында ұзақ жыл еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтаған азаматтар болып табылады. Зейнеткерлік жасқа жеткен адамдардың арасында еңбек қызметін жалғастыруға ниетті азаматтар аз емес. Олардың бір бөлігі қосымша табыс табуды көзделсе, енді бірі өз тәжірибесін бөлісіп, қоғам өміріне белсенді араласуды қалайды. Осы тұрғыдан алғанда «Алтын жас» жобасы олардың еңбек әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік берді, – дейді баспасөз қызметі.

Бағдарлама тек қатысушылар үшін ғана емес, жұмыс берушілер үшін де тиімді. Кәсіпорындар мен ұйымдар өз саласын жақсы білетін, жауапкершілігі жоғары мамандарды жұмысқа қабылдай алады. Ал, тәжірибелі қызметкерлер жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, еңбек дағдыларын үйретуге ықпал етеді. Өңірде халықты жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Облыс бойынша 2026 жылға «Алтын жас» жобасы үшін 600 квота бөлу жоспарланған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда көбірек азаматты қамтуға мүмкіндік береді. Мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан бұл бағдарлама зейнеткерлік жастағы азаматтарды әлеуметтік қолдаудың маңызды құралдарының біріне айналып отыр. Бағдарлама еңбек етуге ниетті тұрғындардың жұмысқа орналасуына жағдай жасап, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Қарағанды облысында жүзеге асырылып жатқан «Алтын жас» жобасы зейнеткерлерді жұмыспен қамтуға бағытталған маңызды әлеуметтік бастамалардың бірегейі. Бағдарлама аясында жүзделген азамат тұрақты жұмысқа орналасып, өздерінің кәсіби тәжірибесін еңбек нарығында қолдану мүмкіндігіне ие болды. Алдағы жылдары жобаға бөлінетін квоталардың артуы оның қамту ауқымын кеңейтуге жол ашады.

Меланья ЧЕКУШКИНА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Әділдіктің жаңа парадигмасы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Статистика және сот жүктемесі

Қарағанды облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының мәліметінше, Қарағанды облысы бойынша жүргізілген талдау әкімшілік істердің жыл сайын 5-7%-ға тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Даулардың салалық бөлінісі әр алуан. Мәселен, 2021 жылы – 55 іс болса, 2025 жылы – 515 іске дейін өскен.

Мемлекеттік сатып алу бойынша 2021 жылы 85 іс болса, 2025 жылы 224 іске дейін күрт өскен. Бұл сала әлеуметтік маңызы бар (мектеп, аурухана тамақтануы) дауларға толы.

Салық дауларында төмендеу байқалады. 2023 жылғы шарықтау шыңынан (303 іс) кейін 2025 жылы – 219 іске дейін төмендеген. Бұл салық органдарының сот тәжірибесін ескеріп, «біркелкілік қағидатын» қолдана бастағанын көрсетеді.

Жария етілген деректерге сүйенсек, қабылданған шешімдердің шамамен 48%-ы азаматтардың пайдасына шешіледі. Сонымен қатар, барлық істің 5-6%-ы тараптардың татуласуымен аяқталады. Бұл мемлекеттік органдардың өз қателіктерін мойындап, сотқа дейін шешуге ниет білдіргенін дәлелдейді. Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында 12 судья қызмет атқарады. Олардың әрқайсысы жүйенің алғашқы күнінен бастап, сапалы сот төрелігін қамтамасыз етуде.

Негізгі түйткіл – конкурстық комиссиялардың өнім жеткізушілердің «еңбек ресурстарын» тексерудегі ақпараттық шектелулері. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім жеткізушілерді тексеру үшін «БЖЗҚ» базасына кіре алмайды. Ал, Еңбек инспекциясы департаменті де сұратылған ақпаратты бермейді.

– Бұл оқлық санитарлық нормалардың сақталмауына және нәтижесінде азаматтардың, әсіресе, балалар мен науқастардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Сон-

дықтан, мемлекеттік органдар арасындағы ведомствоаралық ақпарат алмасу жүйесін жетілдіру – кезек күттірмейтін міндет, – деді Қарағанды облысының Әділет департаменті басшысының міндетін атқарушы Данияр Байдиылдин.

Сәуле Джалбырова мәлімдегендей, әкімшілік юстицияның тиімділігі сот шешімдерінің сөзсіз орындалуымен өлшенеді. Сот актілерін, жеке ұйғарымдар мен сұрауларды елемеген лауазымды тұлғаларға қатысты ӨРПК-ның 127-бабы бойынша ақшалай өндіріп алу (айыппұл салу) институты белсенді қолданылатын болды. Бұл шара сотқа деген құрметті арттырып, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қатайтуға бағытталған. Судьялар қауымдастығы бұл шараның тек шенеуніктерге ғана емес, іске қатысушы басқа да тұлғаларға қатысты қолданылады.

Заң алдында бәрі тең

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру

жұмыстары жалғасуда.

Әкімшілік рәсімдердің біркелкілігі (15-1-бап), 2024 жылғы 21 қарашадағы заңмен енгізілген бұл норма шенеуніктерді Конституциялық Сот пен Жоғарғы Соттың қаулыларын, бұрын қабылданған актілерді қатаң басшылыққа алуға міндеттейді. Бұл – сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қоятын және шешімдердің болжамдылығын қамтамасыз ететін негізгі тетік.

Ал, «Сотқа дейінгі міндетті тәртіп (9-бап)» болса, 2025 жылғы 17 желтоқсандағы өзгерістер дауды сотқа дейінгі реттеуді міндеттеді. Бұл азаматтарға дауды сотсыз, қысқа мерзімде шешуге мүмкіндік береді.

80-бапқа енгізілген толықтыруға сәйкес, әрбір шешімде оны қай органға және қандай мерзімде шағымдануға болатыны туралы ақпарат міндетті түрде жазылуы тиіс, – деді Сәуле Джалбырова.

«Бірінғай қызмет көрсету орталығы» заң кеңесшілер палатасының төрағасы Ер-

мек Абильдиннің айтуынша, құқықтық даулардың басым бөлігі жергілікті атқарушы органдардың жұмысындағы кемшіліктерден туындайды. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Қарағанды облысы әкімі аппаратының мәліметтеріне сүйенсек, биыл мемлекеттік қызмет көрсету саласында 595 заң бұзушылық тіркелген. Оның басым көпшілігі жергілікті әкімдіктерде орын алған.

Мысалы, экологиялық даулардың негізгі ошағы – тұрмыстық қалдықтар полигондары. Өңірдегі 168 ауылдық округтің санаулысында ғана заңдастырылған полигондар бар. Осындай жүйелі қателіктер көбінесе мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білімінің жетіспеушілігінен туындайды. Осы оқлықтың орын толтыру үшін өңірде ӨРПК нормаларын түсіндіру бойынша 53 арнайы оқыту курсы қолға алынды.

Аяулым ЖАНАТОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Туризмді инфрақұрылым тұғырландырады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жолаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін бірінші және екінші қабатта ана мен бала бөлмесі жабдықталған. Одан бөлек, медициналық пункт, қоғамдық тамақтану орыны, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін пандус та қойылып, арнайы дәретханалар да жасалған.

– Балқаш әуежайының іргетасы 1960 жылы қаланған. Жаңғырту жұмыстары кезінде облыс басшылығы нысанның тарихи және саулеттік келбетін сақтау қажеттігін тапсырған. Нәтижесінде, ғимараттың бастапқы архитектуралық ерекшелігі толық сақталды. Әуежайда санитарлық-тұрмыстық нысандар мен қызмет көрсету инфрақұрылымы қолданыстағы стандарттар мен қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келеді. Жүргізілген жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде әуежай бір сағатта 80 жолаушыға дейін қызмет көрсету мүмкіндігіне ие. Балқаш әуежайы көлемі жағынан шағын әуежайлар санатына жатады. Қазіргі уақытта әуежай арқылы екі бағыт бойынша тұрақты әуе қатынасы жүзеге асырылуда. Алдағы кезеңде орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, ұшу бағыттарының географиясын кеңейту жоспарланып отыр. Осы мақсатта салалық министрлікпен бірлесіп, Шымкент және Жезқазған қаласына қосымша әуе рейсін ашу мәселесі қарастырылуда, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсат Мұқашев.

Қазіргі уақытта орындалып жатқан рейстер туристік маусымға орай ұйымдастырылғанмен, әуежайдың қызметі тұрақты негізде жалғаспақ. Әуе билеттерінің құны әлеуметтік маңызды бар бағыттарды субсидиялау бағдарламасы аясында бекітілген тариф бойынша сатылуда. Бүгінде «Балқаш-Астана» және «Балқаш-Алматы» бағытындағы билет бағасы – 16 мың теңге. Рейстердің жиілігі де жолаушылар сұранысына сай ұйымдастырылған. «Балқаш-Астана» бағыты бойынша ұшақ күнде ұшса, Алматыға аптасына алты мәрте қатынайды екен. Бұл бағыттарға «Qazaq Air» және «SCAT» әуе компаниялары қызмет көрсетеді.

Әуежайды жаңғырту жобасы республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылған. Жалпы, жоба құнының 90%-ы республикалық бюджеттен бөлінсе, қалған 10%-ы облыстық бюджет есебінен.

– Жобаны қаржыландыру кезінде қайтарылған активтер есебінен құрылған арнайы мемлекеттік қордың қаражаты пайдаланылды. Атап айтқанда, аэровокзал ғимаратын жаңғырту жұмыстарына аталған қордан – 900 миллион теңге бөлінді. Жалпы алғанда, әуежай терминалын реконструкциялауға – 3,2 миллиард, рульдеу жолы мен перронды жаңарту жұмыстарына – 3,1 миллиард теңге жұмсалды. Бүгінде жолаушылар үшін әуе билеттерінің құны рейстердің облысаралық әлеуметтік маңызды бар бағыт санатына енуіне және мемлекет тарапынан субсидиялануына байланысты арзан саудалануда. «Балқаш-Астана» және «Балқаш-Алматы» бағыты бойынша әуе қатынасы Көлік министрлігі тарапынан толық көлемде субсидияланады.

Жалпы, аталған екі бағыттағы рейсті қолдауға жыл сайын шамамен 310 миллион теңге бөлінеді. Соның нәтижесінде тұрғындар үшін билет бағасы қолжетімді деңгейде сақталып отыр. Нарықтық күнмен есептеген жағдайда мұндай бағыттардағы әуе билеті шамамен 40 мың теңге болар еді, – деді Мақсат Мұқашев.

Қазіргі таңда Балқаш әуежайында 92 адам қызмет етеді. Дегенмен, мұнда да білікті мамандар тапшы. Әсіресе, әуе қозғалысын басқарушылар, авиациялық қауіпсіздік қызметкерлері және басқа да салалық мамандар жетіспейді. Соған қарамастан, әуежай басшылығы кадр мәселесін кезең-кезеңімен шешу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтады.

– Қазіргі таңда әуежайда жолаушылар ағынын реттеуге арналған арнайы қоршаулар мен бағыттау жүйелері орнатылып, барлық үдеріс қолданыстағы қауіпсіздік стандарттарына сай ұйымдастырылды. Алдағы уақытта ғимараттың екінші қабатына көтерілетін лифт орнату да жоспарланған. Біздің негізгі мақсатымыз – транзиттік жолаушылар ағынын арттыру. Мәселен, бүгінде Қарағанды мен Шымкент арасында әуе рейстері қатынайды. Алайда, бұл бағыттағы рейстердің



жүктемесі жоғары емес. Егер осы маршрут Балқаш арқылы транзиттік схемаға қосылса, Балқаш пен Қарағанды арасындағы әуе қатынасын дамытуға мүмкіндік туар еді. Сонымен қатар, жолаушылар Балқаштан Шымкентке де ыңғайлы қатынай алар еді. Қазір бұл мәселе әуе компаниясымен келіссөздер аясында қарастырылып жатыр, – деді Балқаш әуежайының директоры Мейрамбек Мырзахметов.

Әуежайдың екінші қабатында туристік ақпараттық орталық жұмыс істеп тұр. Мұнда келген жолаушыларға Балқаштың көрікті орындары, демалыс аймақтары мен туристік нысандары жайында жан-жақты ақпарат ұсынылуда. Орталық мамандары туристерге бағыт-бағдар беріп қана қоймай, қосымша өңірдегі туристік маршруттармен таныстырады. Облыстық туризм басқармасының мәліметінше, ақпараттық орталықта цифрлық сервистер де қолжетімді.

– Арнайы QR-кодты сканерлеу арқылы өңірдегі барлық көрікті орындар жайында ақпарат алуға болады. Мәселен, Балқашқа келген туристер алдағы уақытта Қарқаралы өңіріне немесе Бектауатаға саяхат жасауды да жоспарлай алады. Бізде жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін чат-бот іске қосылған. Туристер WhatsApp арқылы дауыстық хабарлама жолдап, өздерін қызықтырған кез келген сұраққа жауап ала алады. Мысалы, «Мен Балқаш қаласына келдім. «Жемчужина» қонақ үйіне қалай жетуге болады?» деген сауал жолдаса, қажетті ақпарат пен бағыт WhatsApp арқылы бірден жіберіледі. Пайдаланушылар демалыс орындарының қызметі мен мүмкіндіктері туралы толық мәлімет ала алады, – деді облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Жанарған жағажай жан сергітеді

Қала орталығындағы бірінші жағалау – тұрғындар мен қала қонақтары ең көп жиналатын демалыс орындарының бірі. Аталған аумақ 2023-2024 жылдары толықтай күрделі жөндеуден өткен. Қазіргі таңда жалпы аумағы 7 гектарды қамтитын жағалауды жаңғырту жұмыстары қайта жасалған. Ол үшін 1,9 миллиард теңге бөлінді.

Жағалауды қайта жаңарту жұмыстары екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – аумақты абаттандыру. Бүгінде бұл жұмыстар толық аяқталған. Нәтижесінде, балаларға арналған ойын және спорт алаңы орнатылып, көлеңкелі демалыс орындары, заманауи субұрпақ пайдалануға берілді. Серуендеуге арналған кеңістіктер де талапқа сай жабдықталыпты. Ал,



жобаның екінші кезеңі аясында көл жағалауы мен су айдынын тұрмыстық және табиғи қалдықтардан тазартуға бағытталған.

– Өткен жылы Балқаш көлінің осы бөлігін тазарту жұмыстары қолға алынды. Су айналымын жақсарту мақсатында бұрын рұқсатсыз салынған пирстер кезең-кезеңімен алынып жатыр. Көл жағалауындағы қамыс пен түбіне жиналған лай қабаты тазартылып, оның орнына жаңа құм төселді. Қазіргі уақытта мердігер ұйым аталған жұмыстарды жүргізуде. Жоба өткен жылдың күзінде басталған. Мердігер компанияның жоспарына сәйкес, биыл күзге дейін ұзындығы үш шақырымды құрайтын және ені шамамен 200 метр болатын су айдыны толық тазартылуы тиіс. Туризм саласын жүйелі дамыту мақсатында облыс әкімінің тапсырмасымен қала әкімдігі құрылымында жеке туризм бөлімін аштық. Абаттандырылған жағалау аумағын алдағы уақытта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі өз балансына қабылдайды. Қажетті құжаттар рәсімделгеннен кейін нысан ресми түрде осы бөлімнің қарауына өтеді. Одан кейін жағалау аумағын тиімді пайдалану және туристік инфрақұрылымды дамыту үшін арнайы конкурсу ұйымдастырылып, жекелеген учаскелер инвесторларға жалға беріледі. Қазірдің өзінде бұл аумаққа қызығушылық танытып отырған кәсіпкерлер бар. Олардың қатарында сахна, бассейн салуды және жағажай волейболдан дамытуды жоспарлап отырған инвесторлар да кездеседі, – деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

«Алматы-Екатеринбург» халықаралық автодалізінің, оның ішінде «Алматы-Астана» бағыты бойынша автобанның бастапқы жобасы Балқаш қаласын айналып өтуді көздеген болатын. Соның салдарынан бұрын қала арқылы өтетін көлік ағынының бағыты өзгеріп, жол бойындағы қызмет көрсету нысандары мен кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысына кері әсер ету қаупі төнетіні әубастан белгілі еді. Осы жағдайды ескере отырып, қала әкімдігі жаңа экономикалық даму жобасын әзірлеп, оны жүзеге асыру үшін алдын ала арнайы аумақ белгілеп қойған. Бүгінде жаңа жоба аясында 14 гектарды құрайтын «Капля» атауымен жаңа бизнес алаңы құрылған. Оның жеті гектары аукцион арқылы инвесторларға берілген. Қазіргі уақытта инвесторлар аталған аумақта өз жобаларын іске асыруға кірісіп кеткен.

Ең бірінші болып жыл басында «Gas Energy» автожанармай құю станциясы пайдалануға берілді. Енді алдағы уақытта жолдың қарсы бетіне, яғни, Шұбартүбек пен Тораңғалыққа баратын жолдың бойы

метрді құрайтын төрт жылы санитарлық-гигиеналық модуль орнатылған. Бұл нысандарда сауда орындары, ерлер мен әйелдерге арналған санитарлық бөлмелер, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған қолжетімді орта қарастырылған. Бұдан бөлек, намазхана мен ана мен бала бөлмелері де жұмыс істейді. Жол бойындағы қызмет сапасын арттыру мақсатында 30 ақпараттық және бағыттаушы арқа орнатылған. Бұрын бұл бағыттағы автожол үшінші санатқа жататын. Бүгінде бірінші санатқа көтерілді. Сәйкесінше, жол-көлік оқиғалары едәуір азайды. Бірақ, қазіргі таңда жүргізушілердің шаршап, ұйықтап кету жағдайлары көп тіркелген. Сондықтан, осындай бекеттер көп орналастырылуда, – деді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды филиалы директорының орынбасары Нұрсұлтан Елемесов.

ханаға бірқатар заманауи медициналық жабдық жеткізілді. Атап айтқанда, 1,5 теслалық магнитті-резонанстық томография (МРТ) аппараты және 64 тілімді компьютерлік томография (КТ) құрылғысы, нейробиологиялық микроскоп та алынған. Перзентхана бөлімшесі де жаңа жабдықтармен толықтырылып, кювездер мен кардиотокография (КТГ) аппараты орнатылыпты. Аталған медициналық техникаларды сатып алуға республикалық бюджеттен қаржы бөлінген.

– Жалпы, ауруханада 900-ден астам қызметкер еңбек етеді. Олардың ішінде шамамен 150-і – дәрігерлер, 500-ге жуығы – орта буын медициналық қызметкерлері. Дегенмен, мекемеде дәрігер тапшылығы мәселесі әлі де өзекті. Осы оқиғаның орнын толтыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соңғы кезеңде екі интервенциялық карди-



Медициналық көмек сапалы

Балқаш қаласының көпсалалы ауруханасы – Солтүстік Балқаш өңіріндегі ең ірі медициналық мекемелердің бірі. 343 төсек-орынға құрылған аурухана көпсалалы құрылым ретінде барлық негізгі медициналық бағыттар бойынша қызмет көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, қайтарылған активтер есебінен ауруханаға 1 миллиард 250 миллион теңге бөлінді, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Бүгінде жөндеу жұмыстары толық аяқталған.

2024 жылдан бастап «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында қабылдау бөлімі мен бірінші қабатта екі операциялық блок іске қосылды. Оның бірі – шұғыл хирургиялық араласуларға арналған бөлім болса, екіншісі – жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларына шұғыл көмек көрсетуге бағытталған операциялық бөлімше. Сонымен қатар, медициналық мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында ангиографиялық операциялық блок салынып, қабылдау бөлімін кеңейтуге арналған қосымша ғимарат бой көтерді. Заманауи ангиографиялық құрылымы да пайдалануға беріліп, диагностика мен емдеу сапасын арттыруға мүмкіндік жасалды. Бұдан бөлек, «Қамқорлық» корпоративтік қорымен бірлесіп, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оналту орталығы ашылған.

– Бұл аурухана бұрынғы жобамен салынғандықтан, бастапқыда операциялық блоктар жоғары қабаттарда орналасқан еді. Шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде бұл жағдай уақыт жоғалтуға әкелетін. Осы мәселені ескере отырып, қосымша ғимарат салынып, бірінші қабатта жаңа операциялық блоктар ашылды. Жалпы, емдеу мекемесі туристік маусымға толық дайын. «Екатеринбург-Алматы» халықаралық автодалізі бойымен өтетін жолаушыларға да жедел медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік қарастырылған. Сонымен қатар, Тораңғалық және Шұбартүбек елдімекенінде медициналық пункттер тұрақты жұмыс істеп тұр, – деді аурухана директоры Серікбол Түсіпбеков.

2024-2026 жылдар аралығында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында ауру-

Медициналық көмек сапалы

олог пен екі сәулелік диагностика дәрігері жұмысқа қабылданды. Бір дәрігеріміз Санкт-Петербургте біліктілігін арттырып, сәулелік диагностика бағыты бойынша арнайы даярлықтан өтті. Биылдың өзінде ауруханаға бес жаңа дәрігер қабылданды. Олардың қатарында бір травматолог, екі сәулелік диагностика маманы және екі интервенциялық кардиолог бар. Тамыз айында резидентураны аяқтайтын жас мамандар – уролог, хирург және терапевтер келеді деп күтілуде, – деді Серікбол Жақанұлы.

Мекемеде білікті мамандар да тәжірибесін толықтырып, кәсіби қызметін жалғастыруда. Солардың бірі – Тараз қаласының тумасы Абибулла Шахенбай. Өзі 2024 жылы Балқаш қаласына қоныс аударып, көпсалалы ауруханаға травматолог-ортопед ретінде жұмысқа қабылданды. Бүгінде қабылдау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқаруда. Дәрігердің жұбайы да осы ауруханада еңбек етеді. Екеуі медицина мекемесі жанынан салынған «Дәрігерлер үйінде» тұрып жатыр. Тәжірибелі маман осы уақытқа дейін көптеген күрделі ота жасап, талай науқастың өмірін сақтап қалған. Алдағы уақытта аса ауыр халде жеткізілетін пациенттерге де күрделі хирургиялық оталарды өзі жасайды.

– Балқашта шамамен 80 мың адам тұрғанымен, қаланың қызмет көрсету аумағы 150 мың тұрғынға шектелген. Жазғы шомылу маусымы басталған кезде туристер легінің көбеюіне байланысты халық саны екі, тіпті, үш есеге дейін артады. Мұндай кезеңде шұғыл медициналық көмектің қолжетімділігі ерекше маңызды. Бүгінде біз осы кезеңге толық дайынбыз, – деді Абибулла Сейфуллаұлы.

Көкше көлдің жағасындағы қала жыл санап көркейіп келеді. Туризмді дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың қатары да артып отыр. Дегенмен, бұл саладағы әлеуетті толық іске асыру үшін алдағы уақытта әлі де бірқатар маңызды бастамалар жүзеге аспақ. Бүгінде негізгі міндеттердің бірі – демалушылар ағынын арттыру. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде қолға алынса, қалаға келетін қонақтар саны да арта түсері сөзсіз. Сала мамандарының пікірінше, аталған мәселе де алдағы кезеңде өз шешімін табады деп күтілуде.

Медициналық көмек сапалы

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ӨЛЕҢ БОП ӨРІЛГЕН ӨМІР

Мөп-мөлдiр мұңға айналдың...

Сағыныш бәрі сол шақтың,
Керемет күндер қайда әлгі?
Мөлт еткен көзде моншақ мұң
Мөп-мөлдiр әнге айналды...

Бұл – Қайрат ақынның бір кезде шабыты шалқығанда төгілген өлеңі. Дәл осылай лықсыған лирика әсем әнге айналды. Қалықтап тым биікке көтеріліп, ақбауыр бұлттармен араласты...

Осы бір өлең шумағы – Қайраттың өзіне-өзі қойған ескерткіші. Басындағы құлпытасына да осынау мұңды сөздері қашалып жазылыпты. Жалпы, «сағыныш», «мұң», «жалғыздық», «жатсыну» дейтін ұғымдар лирик ақынға үйір ғой. Қайрат 16 жасында мынадай өлең жазыпты:

Ауылыма кетем, бауырыма жетем
мен ертен,
Сағынған шығар адырлар, қырлар,
кең өлкем.
Қалам деп мұнда, толар деп мұңға
жанарым,
Жабыға көрме, қамыға берме сен,
еркем!

Ауылыма кетем мен ертен...
Кәмелетке толмаған түбіт мұрт бозбала
қыздан басқа, махаббаттан өзге не ойлаушы
еді?.. Ал, біздің Қайрат сол бозбала таңда,
бозбала шағында-ақ терең ойларға, күрделі
пәлсапаға барған екен. Туған жердің тар-
тылыс заңын, тербеліс тағмырын жырға қо-
сып, тылсын дүниені түртіп оятқандай...

1994 жылы «Шипагер» медициналық
газетіне «Жас жүрек жайып саусағын» де-
ген айдармен бір топ жас ақынның жаңа
туындыларын жарыққа шығарды. Сол ба-
сылымыда Қайраттың осы өлеңі де жария-
ланды. Кейін бұл өлеңге Ерлан Төлеутай ән
жазды.

Қайрат ақынның мұнан басқа да тәуір
өлеңдері, қуатты жырлары жетерлік. «Да-
уыс» атты жыр жинағын аша қалсаңыз,
мөп-мөлдiр өлеңдер айдыны алдыңыздан
шығады. Осы «Дауыс» жарыққа шығар ал-
дында бір қызық болды. Қайрат маған те-
лефонмен: «Әлаға, мен жыр жинағымды
шығарайын деп барлық өлеңімді жинап жа-
тырмын. Сіздің архивіңізде менің бұрынғы



шыққан өлеңдерім бар ма? Кейбірі өзімде
де сақталмапты...» – деген еді. Сонан
архивімді ақтарып біраз өлеңін тауып алдым.
Соның бірі – «Замандас» газетіне шыққан
«Менің Қазақстаным!» деп аталатын ұзақ
өлеңі. Поэма десе де болады. Газеттегі осы
шығармасын Қайратқа көрсеткенімде, ол
қатты қуанып: «Бұл менің мектеп бітіре-
дегі шығарманы өлеңмен жазған туындым
ғой. Шірін-ай...» – деп таңғалып еді.

Қайратпен көп араластық. Кейінгі отыз
жылдың көлемінде жиі кездесіп жүрдік.
Сол әртүрлі отырыстардың бәрінде де Қай-
раттың жұлдызы жарқырап, бәрімізден бәсі
биік болып көрінетін. Әңгімеге де, өлең-
жырға да ағыл-тегіл еді. Қара сөзге келсе –
әзіл-қалжыңмен өретін, өлең десе – өзінің
де, өзгенің де төгілдіріп өтетін. «Қайран
достар!» дейтін өлеңін жиі оқытатынбыз.
Осы өлеңімізге арнағандай сезінуші
едік. Әр отырыста міндетті түрде сол өлең
оқылатын. Бір ғажабы – Қайрат көп өлеңін

жатқа оқитын. «Дауыс» жинағына енген
«Түнгі ауыл», «Түнгі Қарағанды», «Алаш
анатомиясы», «Бас», «Сен жетші, Муза!»,
«Қанатты періште», «Махамбетше» және
тағы басқа бірнеше жауһар жырларының
алғашқы оқырмандары біз болып едік. Бір
жаңа өлеңі жазылса, әуелі бізге әкеп оқып
беретін. Бас қосып, көңіл шалқыған көп
отырыста ән әуелеп, жыр шалқып жатушы
еді-ау, шірін! Ол да бір дәурен екен ғой...

Мен өзім Иса Байзақов, Қасым Аманжол-
лов секілді дауылпаз ақындарды көргенім
жоқ. Олар жайлы жазылған ел естеліктерің,
деректі жазбаларды оқи отырып, сол екі
тулғаның жүріс-тұрысын, өнер мен өлең-
ге деген махаббатың, тіпті, кейбір шалт
қимылдарың, суырыпсалма өлең шығар-
тың қасиеттеріңнің бәрін біздің Қайраты-
мыздың бойынан да, ойынан да байқайтын
едім. Қайраттың шапшаңдығы, ағыл-тегіл
ақындығы, ой тереңдігі, әзіл-қалжыңға құ-
марлығы – бәрі-бәрі сол екі сұрапыл сурет-

керді көз алдыма алып келетін. Кейде бір
көңіліміз құлазып, жалғызсырағанда ақын
бауырымызды іздеп, «Қайратым қайда, кел-
ші осындайда...» деуші едік. Ондай сәтте
Қайрат оқтан да жылдам болып жететін.
Келе сала әзіл-қалжыңмен көңілімізді
көкке көтеретін. Әсіресе қаламгерлер, өнер
тарландары жайында неше түрлі күлдір-
гі әңгімелерді көп білуші еді. Біраз өлеңі
осындай отырыстарда дүниеге келген секіл-
ді. Бірде жазатын қағаз табылмай қалды ма,
үстел үстіндегі салфеткаға мынадай өлең
шумағын қалдырыпты. Сол салфеткада
сақталып қалған бір шумақ:

Интернаттың баласы едік... бұла күй,
Демалыста тай үйретіп, ат баптар.
Көзімді ашсам – туған ауыл, туған үй,
Тысқа шықсам – алғаш жауған

аппақ қар...

Бұл кезекті бір өлеңінің басы сияқты.
Кейін жалғасы шықты ма, шықпады ма, біл-
медім...

Қайратта нағыз ақынға тән еркіндік
бар еді. Еліне еркелеп жүрді. Талантты
ақын өзінің қарапайымдылығымен де бізді
таңғалдыратын. Дүние-байлық, атак-даңқ
дегендерге еш қызықпады. Үлкенмен де,
кішімен де тез тіл табысатын. Ақкөңіл,
ажзүрек арда азаматты достары түгілі, жаңа
ғана танысқан бөгде жандардың өзі жақсы
көрді. Ол жалындап, жанып жүрді. Үнемі
қозғалыста, асығып жүретін... Ақын-тағдыр
ғой маңдайға жазылған... Жазмыш!

Қайран сол күндер... Алыстап кетті ғой...
Ақын бауырымыз аппақ құсқа айналып тым
алысқа, зау биікке ұшып кетті... Жүрегіміз-
де жарқын бейнесі мен мөлдiреген өлеңдері
қалды. Мөп-мөлдiр мұңға, сарыала сағы-
нышқа айналған Қайратжан-ай!..

Ақынның ендігі өмірі өзінің өлеңдерін-
де өмір сүреді. Өміршең өлең-жырлары жа-
лындап мәңгілік ғұмырға айналып барады...

Қош...дос, әріптес, қайран бауыр, қай-
ран ақын...

Рухың шат болсын!

Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ

• ШЕРТОЛҒАУ

Қайратжан

Айрылып Қайраттан...
Өксік бар өңеште, өңімде ой-батпан.
Аққұдық жақта еді ақырғы мекенің,
Сағыныш еседі сен жатқан
сай жақтан.

Айрылып Қайраттан...
Жырларын желкен ғып жүретін
жайнақтан.

Ғазалды, өлеңді іздейміз ғұмырдан,
Ажалды табамыз белгісіз
қай жақтан?!

Айрылып Қайраттан...
Ол бізді табады ақ парақ- аймақтан.
Лирика дейміз-ау лүпілі жүректің,
Ал өмір дегенің лас алаң лай басқан...

Айрылып Қайраттан...
Енді онсыз атады ағарып қаймақ-таң.
Даламыз шырайлы шабыттың бесігі,
Қаламыз мұнайды қазандар
қайнатқан.

Айрылып Қайраттан...
Дос, бауыр, іні ғой ішкі оймен
жай жатқан.

Ізгілік рухы ізет пен ілтипат,
Біздікі дұға ғой жер дейтін айлақтан.

Айрылып Қайраттан...
Жыл өтті, жүректі жылатып,
жайратқан.

Қош делік, дос-көрік, өксідік
қайтейін,

Кеудені қысатын дүние дөй-қақпан!
ҚАЙРАТЖАН!!!

Руслан НҮРБАЙ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

• САҒЫНЫШ ҚАЗЫ

Жасындай бір жарқ еткен жалын ғұмыр

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

2018 жылы диплом ала салысымен
облыстық жастар ресурстық орталығына
қызметке орналастым. Сол жерде ақын,
Қазақстан Жазушылар одағының мүше-
сі, өлеңдерін ел жаттаған Қайрат Асқар
да қызметте еді. Мен үшін екі қолға бір
күрек табыла кеткені емес, Қайрат Асқар-
дың өзімен әріптес болып шыға келгенім
тақымдаған қуаныш еді. Құрметті оқыр-
ман, өлеңді өртеле сүйген бозбаланың сол
кездегі күйін сезіне аласаңыз ғой. Кейде
сол шақтарды сағынамын. Көңіл деген
шалқар көлімің сол шақтағы толқындар-
ын сағынамын. Қайрат Асқарды сағына-
мын. Мені көргенде «Ериккондо», немесе,
«Эриксон» деп жымиып, бауырына баса-
тын. Марқұм керемет айтқыш еді. Отырған
жерін қыран-топан күлкіге бөлейтін. Бір
мұнайып, енесі түсіп жүргенін көрмейтін
едік. Кабинеттен сыртқа шақырып алып,
түнде жазған өлеңдерімді бірінен-соң бірі
оқимын. Ол балаша маз болатын. «Сен
келешекте үлкен ақын болайын деп тұрсың!
Жаза түс, Эриккондо!», – деп бауырына
риясыз басатын. Қайрат Асқарға оқып
беру үшін бір түнде 2-3 өлең жазатын кез-
дерім-ай...

Қайрат Асқар облыстық жастар ре-
сурстық орталығында жүріп «Ұлағат»
шығармашыл жастар орталығын құрды.
Бұл сол кездегі басылыстың ең ұтымды
қадамдарының бірі болды. Университет
қабырғасындағы жас ақындардың барлығы
жаңадан ашылған орталыққа лек-легімен
ағылды. Қарағандыдағы 10 жылдан астам
тарихы бар шығармашылық орталықтар-
да жастардың қарасы мұндай қалып бол-
мап еді. Жас ақындар «Ұлағатқа» Қайрат
Асқар үшін келді. Алғашқы жиында Қай-
рат Асқар мені өзінің орынбасары етіп
тағайындады. Аузына қарап отырған сту-
денттерге жымия қарап отырып «Құрмет-
ті, жастар, мен – сіздерге доспын. Бәріміз
доспыз! Бәріміздің мұратымыз – қазақтың
қара өлеңіне қызмет ету. Орталықтың есі-
гі сіздер үшін әрдайым ашық. Жақсы өлең
жазып, қазақ поэзиясының қанжығасына
олжа байланыңдар! Сіздерді көргеніме қу-
аныштымын!», – деді. Жас ақындар Қайрат
Асқарға «өлең оқыңыз» деп қолқа салды.
Қайрат ақын өлеңді жадырап оқыды. Оның
жайдары мінезі, өлеңге деген іңкәрлігі, да-
уыс жастарды баурап алды. Сыртнан қара-
п отырмамын. Әр студенттің терезесімен
теңесіп сөйлесетін. Қандай ғажап адам, ға-
жап ақын деп сүйсініп отыратын едім.

«Ұлағат» шығармашыл жастар орталы-
ғының даңқы аз уақыт ішінде Қараған-
ды қаласына ғана емес, тұтас облысқа та-

рап кетті. Аудан орталықтарында, тіпті,
шалғай ауылдарда жатқан жас ақындар да
Қайрат Асқар үшін келетін. Іздеп келген
өрендердің әрқайсымен риясыз әңгімеле-
сіп, тіпті, серуендейтін де. Талайына жол
нұсқады. Өлеңдегі шалалау тұстарын тү-
зетіп, поэзия туралы ой толғамдарын айтып
отыратын. Өлең төңірегіндегі бұл әңгіме-
лерін кез келген университетте айтылмай-
тын деңгейі биік дәріс деуге де болады.

Қайрат Асқардың алдынан өткен жас
ақындар бұл күнде республикалық мүшәй-
раларда топ жарып, өрелі оқырманның
көзіне түскен талантты ақындарға ай-
налды. Солардың бірі де бірегейі – «Ға-
сырауған» кітабының авторы, Қазақстан
Жазушылар одағының мүшесі Жоламан
Әйткен еді. Жоламан Әйткен – Павлодар
облысының үкілеген үміті. Қарағандыға
онтүстік өңірден келген Бауыржан Ерман
да шығармашылықта толағай жетістік-
терге жетті. Нұрғиса Жексенбай, Данияр
Тәңірбергелі, Абайбол Кәлім, Заңғар Тілеу-
линов есімді жігіттер де Қайрат Асқардың
шапағатын көрді.

Еріктілер форумдары, семинарлары
секілді іс-шаралармен ғана айналысып
жүрген жастар ресурстық орталығын
ақындардың шаңырағына айналдырып
жеберді. Өзі лапылдап тұрған от еді ғой,
шіркін. Жанарында, жүрегінде бітпесі бар
айдарлы ұлдар сол отқа қарай ұмтылды.
Қайрат Асқар сол жүректерді, жанарларды
жаға алды.

Қайрат Асқар дүниеден өткен күні
еліміздің түпкір-түпкірінде сол оттан тұта-
нып, лапылдаған ұл-қыздар күніренді.

Уақыт өткен сайын Қайрат Асқарды
басқа қырларынан тани бастадым. Анығы-
рақ айтқанда, әзілімен, айтқыштығымен
манайын ғажап күйге бөлеп жүретін ақын-
ның көзінен бір мұңның ұшқынын аңғар-
дым. Сөйтсе, орталарда жадырап жүретін
ақын онаша қалғанда мұңның мұхитына
батады екен ғой. Бұл нендей мұң екенін
ұзақ уақыт түсіне алмай жүрдім (әлі де
түсінбеген сияқтымын). Бір қарағанда бәрі
жақсы сияқты. Қарын тоқ, көйлек көк.
Бірақ, ақын болудың, сол жолмен жүру-
дің қаншалықты ауыр екенін, өлеңге адал
болудың қаншалықты азапты екенін шын
мәнінде ұқпай жүрген кезім еді ғой. Қай-
рат Асқар өмірден озып, қабірінің басында
тұрған кезімде ғана қалың ойға баттым.
Сол сәтте Қайрат Асқардың замандасы,
үзегілесі, жан досы, талантты ақын-
жазушы Серік Сағынтайдың бір өлеңін-
дегі «Өмір биік болған сайын тіл ашы,
Өнер биік болған сайын сор қалың» деген



тіркестер ойымды орағыта берді.

Алаштың айбоз ақыны Серік
Ақсұңқарұлының «Орталық Қазақстан»
газетіне «Менің Абайым» макаласы жария-
ланған еді. Сонда «Абай – Алаштың
рентгені! Бәріміз де кеудемізді ашып со-
ның алдында тұрмыз: кеудемізде қандай
өрт? Көкірегімізде нендей дерт?! Соның
бәрі Абайдан айнаға түскендей көрініп
тұр!» деген сөзі бар. Бұл – біздіңше, Абай-
ға ғана емес, санасына Тәңірдің сәулесі
түскен шын ақындардың барлығына қара-
та айтылған аталы сөз.

Күйбең тірлікпен миы қайнап, онсыз
да қысқа ғұмырдың көркем бояуларын
көруден қалған адам баласының ансарын
Қайрат Асқардың өлеңдерінен көресіз.
Өмірдің кейбір сәттерінде өзіне беймәлім
сағыныш отына оранған адам Қайрат
ақынның шығармашылығына бас ұрады.
Мына ызғар ескен қоғамда Қайрат Асқар
жүрегі ояу адам мұқтаж болған асқақ һәм
мөлдiр сезімдердің жоқтаушысы болып
өтті. Ақын – ізгілік мен махаббат алауын
үрлеуші. Басына қонған бағы да, соры да
– осы.

Біздіңше, Қайрат Асқар өлеңге өзін ар-
най білді және асыл мұратына жете алды.

Жарық жалғаннан озғанына бір жыл өтсе
де, қалың оқырманы, тіршілігінде дәм-тұ-
зы жарасқан замандас-құрдастары сағы-
нып, жоқтап, күніреніп жүр.

Қазасынан шамалы уақыт өткеннен
кейін ақынның жалғыз ұлы Мағжан Асқар
мессенджеріме бір өлең жіберді. Айтуын-
ша, бұл өлең әкесінің соңғы жазған өлеңі.
Соңғы өлең...

Алыстап барасың сен, асқақ арман,
Дәурен кеп кірпігімді жасқа малған.
Жігіттің ең жайсаңы мен едім ғой,
Самайым қыраулап, шаш та ағарған.

Ақ арман, жеткізбейсің сен ешкімге,
Мен үшін шығар шыным елес мүлде.
Білмеймін, жақсылармен теңестім бе,
Білмеймін, қабырғаммен кеңестім бе?..

Затымды, болмысымды арамдамай,
Адымдап жүріп келем саған қарай.
Жасындай бір жарқ етер қысқа ғұмыр,
Қайтейін, жеткізбейсің, ақ арман-ай!..
Қайрекемді ойлағанда, осы өлеңді із-
деймін. Оқимын да, бір мұңға батамын да
кетемін.

Сөз бен сөзді будандастырып, жасанды

өлең құрап жүрген жазармандар танылу-
дың барлық амалын жасап, атак-даңққа
көніліп жүр. Қайрат Асқарда сол атаққа
деген титтей де құмарлық болмады. Өлең
жазғанын бұлдаған емес. «Өлең – сенің
аманатың. Оны өліп-өшіп сүю керек» дей-
тін марқұм. Пенделіліктен ада еді, шіркін.

Серік Ақсұңқарұлы бірде «Бір арам
адамның миынан шамалы ғана алып,
Қайраттың миына құю керек. Қайраттың
миынан шамалы алып, арам адамға құю
керек. Сонда бәрі теңесіп, дұрысталады»
деген сынайда әзіл айтып, бәрімізді күлді-
ріп еді. Серік Ақсұңқарұлы тағы бір-
де «Қайрат сәбидей ғой, сәбидей. Қулық
пен сұмдықты менсерген нешетүрлі дәл-
дүршітер мына қоғамды былықтырды.
Қайрат – шын талант, нағыз ақын ғой!»
деп сыртынан қарап сүйсініді. Жанында
отырып, ақынды ақынның жақсы көруі
осындай болады екен ғой деп мен де ойға
шомамын.

Қазақтың бір тағдырлы ақыны Бақты-
бай Аманжолов өмірден озыды деген ха-
барды естіген бетте Серік Ақсұңқарұлы
хабарласып, «Маған кел. Сосын жолай
Қойлыбай Асанды ала кетеміз. Қайрат
Асқар көліксіз екен. Оған соғамыз. Барып
көңіл айтып, батамызды жасайық», – деп
хабарласты. Көлікке отырған соң Қой-
лыбай Асан Қайрат Асқарға хабарласып,
«Төртеуімізге су ала сал. Жолда шөлдей-
міз», – деді. Қайреке сонда көлікке үш бө-
лекке сумен отырды. Бөтелкенің әрқайсы 1
литр. 3 литр сумен кірген Қайрекеге сонда
Қойлыбай Асан «Әй, Қайратжан, баладай-
сың ғой, баладай! Мына сумен ат суарайын
деп пе едің?», – деп күлгені әлі жадымда
жаңғырып тұр. Сераға мен Қойлыбаға жол
бойы Қайрат Асқарды ортаға алып, ағалық
көңілдерінің ақ жауынын жаудырып еді-ау,
шіркін!

Тағы бірде қатарластарыммен көшеде
келе жатып, Қайрат Асқарды жолықтырып
қалдық. Әдеттегідей бәрімізді құшағына
басып, жылы шырай танытып, жүргендегі
жөнін айтты:

– Махамбет Өтемісұлының оқула-
рынан келе жатырмын. Қазылық етіп жүр-
ген сол, – деді жымиып.

– Қайрат аға, бір өлең оқып беріңізші,
– деп қолқа салды «тірі ақынды» бірінші
рет көрген досым. Қайреке болса, адамдар
сапырталысқан көшенің қақ ортасында екі
қолын жайып жіберіп:

– Ау, қызғыш құс, қызғыш құс, Қана-
тың қар-ааа-аап қатты, мойының боо-оо-
о-ооп бос қой, – деп айқай салды. Біз соған
шалқалай күлдік. Күлгенімізге қарап өзі де
баладай маз болды-ау!

Міне, менің жүрегімдегі Қайрат Асқар
осындай.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Өнері өркендеген өлке

Приозерск қаласында Мәдениет және өнер қызметкерлері күні ерекше сән-салтанатымен аталып өтті. Қала руханияты мен шығармашылық әлемінің өкілдерін ұлықтаған бұл кеш өнерге деген құрметтің, мәдениетке деген жанашырлықтың жарқын көрінісіне айналды. Өнер мен руханиятты ту еткен мәдениет мейрамдарының еңбегі еленіп, олардың ел өміріндегі маңызы кеңінен насихатталды.



қатарында №1 жалпы білім беретін мектебінің музыка пәні мұғалімі Елдос Қалжігітов, №2 мектептің музыка пәні мұғалімі Жадра Ерланқызы, қалалық кітапхананың кітапханашысы Жанар Әлімбақызы, мәдени-демалыс орталығының дыбыс режиссері Мерей Бесбайұлы, әдіскер Гаухар Кеңесбайқызы және мәдени ұйымдастырушы Ұлболсын Әмірбай бар.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына қосқан үлесі үшін қала әкімінің баспасөз хатшысы Жанар Оралбай, «Priozersk FM» параксасының негізін қалаушы Марина Трубачёва және «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің бас редакторы Исатай Махамбет Алғыс хатпен марапатталды.

Қаланың мәдени өміріне белсенді атсалысып жүрген шығармашылық ұжымдар да назардан тыс қалмады. Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығындағы «Шабты» домбырашылар ансамблі, «Кербез» және «Жорға» би ансамбльдері 50 мың теңгелік қаржылай сертификатқа ие болды. Бұл өнер ұжымдарының еңбегіне берілген лайықты құрмет еді.

Кеш барысында «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалы төрағасының Алғыс хаттары да табысталды. Марапаттарды партияның Приозерск қалалық филиалының төрағасы Алтынай Рахимбаева табыс етті. Алғыс хат иелері қатарында мәдени-демалыс орталығының директоры Жанат Абулова, дыбыс режиссері Ерік Оспанов және

қалалық кітапхананың кітапханашысы Гүлстан Мұқашева болды.

Мерекелік кеш әсерлі концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы «Аяла» би ансамблі «Лялечки», «Жасмин» билерін тарту етсе, «Жорға» би тобы «Зверополис» биін орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Жас әншілердің өнері де кеш көркін аша түсті. Балнұр Сарманова «Өзің ғана» әнін шырақп, нәзік үнімен көрермен жүрегін тербесе, Арлан Саятхан орындаған «Жылайды жүрек» әні көпшіліктің көңілінен шықты. Ернар Әбіловтің орындауындағы «Хикаям» әні мен Елдос Қалжігітовпен бірге шыраққан «Қазақ үшін» әні кештің рухын асқатқатты.

Мерекелік кеш аясында қаладағы мәдениет саласының дамуына зор үлес қосып келе жатқан «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының музыкалық бөлімінің жетістіктері де ерекше аталып өтті. Был бұл бөлімнің құрылғанына 56 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде бұл орталық жүздеген баланың өнер әлеміне қадам басуына сеп болып, музыка арқылы консерваториясы, Қазақ ұлттық өнер университеті және Қостанай педагогикалық институты секілді беделді оқу орындарында білім алуда. Н.Кутявина, А.Тлеуаев,

Л.Казимова, Т.Мұқаш, Н.Жолдасбек сынды талапты жастар бүгінде өнер жолында өз білімдерін шындап жүр.

Бүгінде бөлімнің педагогикалық ұжымының шамамен 40 пайызы – осы орталықтың бұрынғы тәрбиеленушілері. Олардың қатарында Елена Литвинова, Елена Волкова және Анастасия Митина сынды білікті ұстаздар бар. Бұл – шығармашылық сабақтастықтың жалғасы іспетті.

Осыдан жиырма жыл бұрын педагог Айман Нұртаеваның жетекшілігімен домбыра сыныбы ашылып, «Балбырауын» домбырашылар ансамблі құрылған болатын. Алғашында небәрі 15 баладан құралған ансамбль бүгінде 60 өнерпаза дейін өсіп, түрлі деңгейдегі байқаулар мен мәдени шаралардың белсенді қатысушысына айналды.

Приозерск қаласында арнайы мәдениет сарайының жоктығына қарамастан, өнердің өрісі тарылған емес. Қала мәдениетінің жандануына үлес қосып жүрген мамандар ұлттық руханиятты дамыту жолында аянбай еңбек етуде. Бұл туралы мәдениет саласының өкілдері тілге тиек етті.


– Қаламызда мәдениет сарайы болмаса да, өнерді дамыту жолындағы жұмыс ешқашан тоқтаған емес. Алдағы уақытта арнайы мәдениет үйі салынса, осы салада еңбек етіп жүрген мамандар қаланың мәдени өмірін жаңа деңгейге көтеріп, өнер ордасының өркендеуіне зор үлес қосады деп сенемін, – дейді Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығының директоры Жанат Жалғасбекқызы.

Айта кетейік, расында, мәдениет – ұлттың рухани тірегі. Ал, сол руханиятты ұлықтап жүрген мәдениет қызметкерлерінің еңбегі қашанда құрметке лайық. Приозерск қаласында өткен бұл мерекелік кеш өнерге деген шынайы сүйіспеншіліктің және ұлттық құндылықтарға деген адалдықтың айқын айғағына айналды.

ПРИОЗЕРСК
Сурет автордан

Сергей Викторович ЛОХВИЦКИЙ

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы медицина ғылымдарының докторы, профессор Сергей Викторович Лохвицкийдің 91 жасқа қараған шағында өмірден өткенін қайғыра хабарлайды.



Сергей Викторович Лохвицкий медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты хирург, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Медицина ғылымдары академиясының Құрметті академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының және Нью-Йорк ғылым академиясының академигі болды.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы оның өмірі мен кәсіби қызметі Қарағандымен тығыз байланыста болған еді. Ол өзін адамдарға қызмет етуге, дәрігерлік кадрларды даярлауға және отандық медицинаны нығайтуға арнап, өңірдің хирургиялық қызметінің, медицина ғылымы мен білімінің дамуына орасан зор үлес қосты.

Сергей Викторович өзінің көпжылдық қызметі барысында жоғары білікті мамандардың тұтас бір шоғырын даярлады, өзіндік хирургтар мектебін құрды, оның шәкірттері Қазақстанда және одан тыс жерлерде табысты еңбек етіп жүр. Ол заманауи хирургияның дамуына айтарлықтай үлес қосқан 800-ден астам ғылыми еңбектің, 24 монографияның және 100-ден астам өнертабыстың авторы.

Мемлекет, медицина ғылымы мен қоғам алдындағы ерекше еңбегі үшін Сергей Викторович жоғары мемлекеттік наградалармен, соның ішінде «Парасат» орденімен марапатталды.

Сергей Викторович Лохвицкий туралы жарқын естелік оның туған-туыстары мен жақындарының, әріптестерінің, шәкірттерінің және өзі денсаулық, үміт пен өмір сыйлаған мыңдаған пациенттердің жүрегінде мәңгі сақталды.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы Сергей Викторовичтің туған-туыстары мен жақындарына, оның достарына, әріптестеріне, шәкірттеріне және осы көрнекті тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

№193

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің білуі фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Сүйемелдеу стратегиясы

Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттыруға, тиімді тәжірибелермен алмасуға және заманауи қолдау технологияларын жетілдіруге бағытталған бірегей кәсіби алаңға айналған облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. «Тәуекелдердің алдын алу және білім алушылардың әл-ауқатын қолдау: сүйемелдеу стратегиялары» тақырыбын өзек еткен конференцияны психологиялық қолдау орталығы ұйымдастырды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Пленарлық отырыс барысында аймақтағы әлеуметтік-психологиялық қызметтің жүйелі мәселелері мен болашақ даму бағдары кеңінен сөз болды. Психологиялық қолдау орталығының басшысы міндетін атқарушы Айгүл Қалмағамбетова өз баяндамасында орталықтың қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасын дамытудағы негізгі ресурс ретіндегі рөліне тоқталды.

– Ата-аналар орталыққа келіп, «Баламыз осындай жағдайға тап болды» деп қолдау көрсетуді сұрайды. Біз мобильдік топ құрамыз. Мобильдік топ әр жағдайға жеке жасақталады. Оған арнайы бөлім жоқ. Осы біздің орталықтағы қызметкерлердің барлығы әр жағдайға байланысты сол топ құрамында болады, – дейді Айгүл Хамзақызы.

Сонымен қатар, жиында отандық ғылым мен практиканың интеграциясына ерекше мән берілді. «Bolashaq» академиясының ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Дана Асакава психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үдерісіндегі коучингтік технологиялардың тиімділігін негіздесе, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Наталья Мирза үздіксіз кәсіби білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептегі сүйемелдеуді дамытудың ғылыми-әдістемелік тетіктерін ұсынды.

– Білім беру процесін психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қолдауға қойылатын талаптар түбегейлі өзгеруде.

Халықаралық сарапшылар, атап айтқанда, ЮНЕСКО мен Үздіксіз білім беру институтының баяндамаларында қоғамның тұрақты дамуының негізгі факторы life-long learning, яғни өмір бойы білім алу тұжырымдамасы екенін баса айтты. Қазіргі заманғы маман жоғары икемділікке, дамыған soft-skills (жұмсақ дағдыларға), цифрлық сауаттылыққа, соның ішінде, жасаңды интеллект технологияларын қолдануға және инклюзия мен мультимәдениеттілік жағдайында жұмыс істеу қабілетіне ие болуы тиіс, – деп атап өтті Наталья Викторовна.

Жасөспірімдер арасындағы дағдарыстық жағдайлардың алдын алу мәселесін «Yakamaz» ЖШС директоры, жоғары санатты дәрігер-психотерапевт, психиатр-нарколог Батыржан Құнхасев дәрігерлік-практикалық тұрғыдан талдап көрсетті. Ал, Қарағанды облыстық медико-психология-педагогикалық консультациясының педагог-психологы Сәуле Амантаева және «Адал» психология және тұлғаны дамыту орталығының басшысы Дамир Рамазанов қазіргі қоғамдағы психолог мамандардың кәсіби рөлі мен эмоционалды жұктемелерді реттеу дағдылары жөнінде мазмұнды ой өрбітті.

Ұйымдастырушылар мұндай кәсіби алаңдардың білім беру ұйымдары арасындағы желілік өзара іс-қимылды нығайтуға, тәжірибе алмасуды сапалы деңгейге көтеруге және балалар мен жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге серпін беретінін атап өтті.

Дана НҮРЖАНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

Қоғамның басты құндылығы

Қоғам мен әділдіктің байланысы – қай заманда да өз маңызын жоғалтпаған тақырып. Әділдік пен теңдік адамзаттың рухани негізін құрайды. Алайда, бүгінгі күні қоғамда бұл құндылықтардың әлсіреп бара жатқаны туралы пікірлер жиі айтылады.

Адамның мінез-құлқы мен дүниетанымы бала кезден қалыптасады. Тәрбие арқылы бойына сіңген

шыншылдық, адалдық пен адамгершілік қасиеттер оның өмірлік ұстанымына айналады. Психологтардың пікірінше, адам жақсылық пен жамандықтың аражігін ажырата білген кезде ғана тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Сол себепті, жас ұрпақ тәрбиесінде рухани құндылықтарға ерекше мән берілуі қажет.

Қоғам – әртүрлі көзқарастағы адамдардың ортасы. Мұнда әркімнің өз орны мен болмысы бар. Хакім Абай адамның кемелденуіне үш

нәрсе әсер ететінін айтқан: тектілік, қоршаған орта және адамгершілік тәрбие. Осы құндылықтар үйлесім тапқанда ғана елге пайдасын тигізетін саналы азамат қалыптасады.

Әділдік пен теңдік бір-бірімен тығыз байланысты. Теңдік сақталмаған жерде кемсітушілік орын алады, ал, әділдік болмаған жағдайда теңдік тек сөз жүзінде ғана қалады. Сондықтан, қоғамда заң алдындағы теңдікті қамтамасыз етіп, әлеуметтік әділдікті нығайту – маңызды міндеттің бірі.

Бүгінде материалдық құндылықтар алдыңғы орынға шығып кеткенімен, адамгершілік пен шынайылықтың қадірі төмендеуі тиіс. Әр адам әділдік қағидаларын берік ұстанып, ақиқатты қорғай білсе, қоғамның да келбеті жақсара түсері анық. Өйткені, әділдік пен теңдік салтанат құрған жерде ғана елдің бірлігі нығайып, болашағы жарқын болады.

Аруна АСЫЛБЕКОВА,
Абай атындағы мектептің
II-сынып оқушысы

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Жастардың жігерін жасыйтпайық...

Істеймін деген жасқа жұмыс көп. Бүгінде тойханадағы қарбалас тіршілік талай студент пен жастың нәпақа табар алаңына айналды. «Қонақ разы болса, жұмыс беруші разы» деген талап пен жүргізілген жас даяшылардың сыртқы жымынсының арғы жағында көзге көрінбейтін ауыр еңбек жатыр. Түн жарымына дейін тыным таппайтын бұл жұмыс – бүгінгі жастар өмірінің көп айтыла бермейтін, бірақ қоғамдағы шындықтың бірі.

Даяшылық – шыдамдылықты, адамдармен қарым-қатынас жасауды, тез шешім қабылдауды үйретеді. Көп жастар дәл осы жұмыста жүріп алғаш рет өз нәпақасын тауып, күнделікті керек-жарағына жұмсайды. Сонымен бірге, ұзақ жұмыс уақыты, ұйқысыздық пен дөрекі қарым-қатынас та бұл саланың ажырамас бөлігіне айналып кеткендей.

– Мен үшін даяшы болып жұмыс істеудің жақсы жағы өте көп. Бұл салада шамамен 2 жыл жұмыс істеймін. Әжептәуір тәжірибе жинадым.

Күн сайын әртүрлі мінезі бар адамдармен сөйлесесің. Сол арқылы қарым-қатынас қабілетің дамиды. Бұрын ұялшақ болсаң, уақыт өте келе, ашық әрі еркін сөйлесетің боласың.

Уақытты бағалауды да үйретеді. Бір уақытта бірнеше жұмысқа үлгеру, тез қимылдау, ұжыммен жұмыс істеу қабілеті қалыптасады, – дейді Алуа Баратова.

Алуаның сөзінен бұл жұмыстың жастарды ерте есейтетінін байқауға болады. Шынында, көптеген студенттер үшін даяшылық – алғашқы еңбек жолы. Олар өз еңбегімен ақша тауып, жауапкершілікті сезіне бастайды. Алайда, бұл жұмыстың зияны да бар.

– Сабаққа шаршап бару жиі екені жасырын емес. Той көбіне сенбі, жексенбі күндері, түнге дейін созылады. Сондықтан, ұйқы қанбай, келесі күні сабаққа көңіл бөлу қиындайды. Кейде үй тапсырмасын істеуге уақыт та болмайды. Ауыр ыдыс көтеру белге, аяққа салмақ түседі, – дейді Сымбат Ерболқызы.

Кейбір қонақтар дөрекі сөйлеп, айқайлап немесе кінәлап жатады. Әсіресе, қыз балаға «Біздің үйге келіп бол!» немесе «Тансыайық» деген артық, жағымсыз сөздер жиі айтылады.

Қазақстанда жалпы жұмыс уақыты 6-8 сағат, ал, даяшылар той-



ға бірінші келіп, ең соңғы болып кетеді. Яғни, тойханада күні толық өтеді. Ол шамамен – 12-15 сағат.

Қазіргі таңда, даяшылардың еңбек құқығы – өзекті мәселе. Көп жағдайда, олар ресми еңбек келісімшартының жұмыс істейді. Сондықтан, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік төлемдер аударылмайды. Соның салдарынан даяшылар еңбек демалысы, медициналық сақтандыру және әлеуметтік қорғау құқықтарынан қағылады. Жұмыс барысында жарақат алып немесе денсаулығына зиян келген жағдайда жауапкершілікті кім көретіні де белгісіз. Себебі, еңбек қатынасы заңды түрде рәсімделмеген. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі бойынша әр қызмет-

кермен міндетті түрде еңбек шарты жасалуы тиіс. Бірақ, бұл талап жиі бұзылады. Сондықтан, еңбек бақылауын күшейтіп, жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыру және қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын дамыту қажеттілігі – осы күні өткір тақырып. Осындай жағдайда еңбек құқығы толық қорғалмаған даяшылардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік тұрғыдан қорғалуына кім кепіл?


Қызмет көрсету саласында жүрген жасөспірімдердің еңбегі тек жұмыс күші ретінде қабылданып жатады. Ал, шын мәнінде, көп жағдай ескерілмейді.

Нұрдаулет ЕСІМ,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет автордан

• ЖАНА КІТАП

Ақынды ардақтаған еңбек

Биыл қазақтың ғана емес, Түркі дүниесінің заңғар тұлғасы, асқақ ақын, «Аз и Я» кітабының авторы Олжас Сүлейменов 90 жасқа толды. Алаш жұрты дарынды перзентінің қадір-қасиетін біледі. Жер-жерде өз деңгейінде ардақтап, құрмет көрсетіліп жатыр. Ақынның мерейтойы қарсаңында Марат Түсіптің «Олжас әлемі жайында үзік Сыр-Толғау» кітабы жарық көрді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған еңбек ақын, ойшыл Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы жайында баян етеді. Кітап екі тараудан тұрады. Біріншісінде автор ақынның «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасының мән-мазмұнын кеңінен тарқатады. «Асқақ туынды», «Бірінші ғасыр», «Әлем дүр сілкінді, ойға түсті», «Әлем қуанды», «Көк қыраны мен жер қыраны – жол серіктестер», «Ана. Өмір. Қара жер», «Екінші ғасыр: ақын үміті ақталды ма?» деген еңбектер топтастырылған. Екінші тарауда ғұмырын өзі артып кезгендерін қамтыған ақынның өлең жолдары, ойлы жазбалары қамтылған. «Қалам ізі, таным көзі», «Олжас әлемінен тергендерім» макалаларында автор қаламгердің тылсым әлеміне жетелеген шығармаларымен мұңдасады.

90 беттік кітап Қарағанды қаласында басылып шықты. Дегенмен, бұл еңбекті ақынның талантына көрсеткен Қарағандының бір құрметі деп түсінген абзал.

Сурет автордан

• МЮЗИКЛ

Ұстаз жолы – ұрпаққа ұлағат

Ахмет Байтұрсынұлының өшпес мұрасы – бүгінгі жас буынның рухани темірқазығы. Ұлт ғұламасының ғибратты ғұмыры кеншілер шаһарында зор салтанатпен ұлықталды.

Қарағанды қалалық білім бөлімінің Әдістемелік кабинетінің «Зияткерлік модернизация» жобасы аясында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясында «Ұлт ұстазының ұлы жолы» атты тағылымды мол мюзикл өтті. Рухты оятқан ғажайып кеш ретінде тарихқа хатталды. Тәлім-тәрбиесі терең, мәдениеті асқақ шара өңірдегі қарашаңырақ Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының сахнасында көрерменге жол тартты. Театр шымылдығы түрілген сәттен-ақ көрермен қауым Алаш арысының сан қилы тағдыры мен тар жол, тайғақ кешулі заманына саяхат шеккендей болды. Мюзикл форматында ұсынылған бұл тың туынды өзіндік көркемдік ізденісімен, мазмұн тереңдігімен және эстетикалық қуатымен ерекшеленді.

Қойылым желісінде Ахмет Байтұрсынұлының торқалы топырақта өткен



балалық шағы, алғашқы ағартушылық және ұстаздық соқпақтары, кең жайлаудың төсінде дүниеге келген жаңа әннің мұңды да әсем тарихы айтылды. Сондай-ақ, Алаш қозғалысындағы жаңқиярлық қызметі мен жазықсыз айыпталып, тар қапасаға қамалған қасіретті кезеңдері

шеберлікпен сахналанды. Ән, би және театр өнері өзара мінсіз үйлесім тапқан әсерлі көріністер ұлт ұстазының өмір жолы мен күрескерлік тұлғасын қауымға жан-жақты, шынайы жеткізді. Шара барысында Қазыбек би атындағы аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподағы

комитеті мектеп-гимназия ұжымына шығармашылық табыс тілеп, ақпалай сертификат табыс етті.

– Мюзикл жанры арқылы Ахмет Байтұрсынұлының өміріндегі маңызды кезеңдерді терең сезіндіре алдық. Оқушылар бұл жобаға аса бір қызығушылықпен қатысты. Өрбір оқушы өзіне берілген кейіпкерді жауапкершілікпен сомдауға ұмтылды. Дайындықта олар тек сахналық шеберліктерін дамытып қана қоймай, Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасын тереңірек таныды. Бұл олардың рухани дамуына да оң әсер етеді деп есептеймін, – дейді Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясының директоры Сәуле Ізтілеуова.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен мол мұрасын дәріптеген бұл тағылымды шараға атсалысқан мектеп ұжымы мен оқушылардың еңбегі зор. «Ұлт ұстазының ұлы жолы» мюзиклі – өткен тарихқа тағзым, бүгінгі күнге ғибрат және болашаққа бағытталған жарқын қадам.

Нұрасыл АМАНЖОЛ,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет ұйымдастырушылардан

• ТАНЫМ

Сұлулықтың үнсіз сыры

Гүл сыйлау – сезім мен сыйластықты ұштастырған үнсіз тіл. Ал, қолымызға тиген әдемі шөк гүлде қандай сыр жатқаны туралы ойлап көрдік пе? Бірге зерделейік.



Көпшілігіміз гүл таңдағанда тек оның сыртқы бейнесі мен бағасына қараймыз. Табиғатта гүлді өсімдіктің 350 мыңға жуық түрі бар. Отандық гүл нарығының басты өнімі – раушандар. «ЭкоКультура», «ГРЭС жылыжай кешені» сияқты ірі кәсіпорындар голланд технологиясымен жылына миллиондаған раушан шығарады. Ассортиментте 15-тен астам сорт бар

(қызыл, ақ, қызғылт, сары және бұталы раушандар).

Бірақ, кәсіпкерлер үшін тұрақты түрде сатылатын және гүл шоғын жасауға қолданылатын гүлдер шамамен 100-ге жуық. Кәсіпкерлер көбінесе ең өтімді әрі сұранысқа ие негізгі гүлдерді қалайды. Осы тұрғыда гүл саласының маманы, кәсіпкер Гүлден Сағандықованың пікірін сұрадық.

– Гүлді Голландия, Кения, Алматы және Қытайдан алдыра бастадық. Бізде тұрақты сатып алушыларымыз және өзіміздің әлеуметтік желіде парақшамыз бар, – дейді Гүлден Аманкелдіқызы.

Ашық дереккөзге сүйенсек, елімізде жергілікті жылыжайларда кәсіпкерлер үшін өндірілетін гүлдің түрі шектеулі, негізінен 3-4 түрі ғана бар. Отандық гүлдер импорттық өніммен бәсекелесе алмайды. Кейде қазақстандық гүлдің сапасы төмендеуі болып жатады. Дегенмен, кәсіпкерлер гүл шоғын жасау үшін отандық өнімді пайдалану тасымал шығынын азайтып, гүлдің балғындығын ұзақ сақтауға мүмкіндік беретінін айтады.

Осы тұрғыда сонау шетелден келетін гүлдерді әрмен қарай баптайтын гүл саатушылардың айтуынша, келген гүлдің тек 1-2 пайызы ғана қоқысқа кетеді.

Ғылыми зерттеулер гүлдердің адамның көңіл күйіне тікелей әсер ететінін дәлелдеген. Психологтар мен гүл саатушылардың айтуынша, гүлдің түсі адамның ішкі дүниесіне тікелей әсер етеді. Мысалы, қызыл раушандар мөңгілік махаббат пен құштарлықтың символы болса, ал, сары түсті гүлдерді көп жағдайда «айырылысу белгісі» деп кәте түсініп жатады.

– Психологияда маңыздысы – гүл-

дің өзі емес, оның эмоциясы. Кейде бір тал гүл адамға үлкен әсер қалдырса, ал, қымбат гүл шоқтары мүлде сезім сыйламауы мүмкін. Гүлдің басты әсері оның бағасында емес, әйел адамға қалай әсер етуінде. Әлеуметтік зерттеулер әйелдерді екі топқа бөліп көрсетеді. Өзіне жиі гүл сатып алатын әйелдер – ішкі позициясы мықты, өз қуанышын өзгеден күтпейтін жандар. Олар өзіне күтім жасауды қалыпты нәрсе деп санайды және өзін бағалау деңгейі жоғары келеді. Гүлді тек сырттан (біреуден) күтетін әйелдер. Олар үшін гүл шоғы – махаббат пен назардың тікелей дәлелі. Мұндай жандар эмоциялық рауша мен «мені бағалайды» деген сезімді сыртқы факторлардан көбірек іздейді. Әрине, бұл жерде «бірі – дұрыс, бірі – бұрыс» деген қатаң қағида жоқ, – деді психолог Айдана Қалиева.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, бөлмеде тірі өсімдіктердің болуы жұмысқа қабілеттілікті 15%-ға арттырып, күйзеліс деңгейін төмендетеді. Сондықтан, жақындарыңызға қуаныш сыйлау үшін күнтізбедегі айтулы даталарды күтпей, дәл бүгін, еш себепсіз бір тал гүл сыйлап көріңізші.

Аделя АСАНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет автордан

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Жас таланттар бақ сынасты

Қарағанды қаласының Кеншілер мәдениет сарайында «Сарыарқа жұлдызы» эстрадалық ән орындаушылардың облыстық байқауы өтті.

Сайысқа облыстың барлық қала мен ауданынан келген өнерлі жастар қатысып, вокалды шеберліктерін ортаға салды. Өнер сайысы өңірдегі дарынды жастарды қолдау мен олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылды. Байқауға өнер саласының білікті мамандары төрелік етті. Олардың қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Назқоңыр» ансамблінің жетекшісі Дәуренбек Әркенов және Мәдениет саласының үздігі, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Әуен» ансамблінің жетекшісі Камшат Насырова, Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің



эстрадалық вокал бөлімінің меңгерушісі Елена Недова бар.

Сахнада өнер көрсеткен жас таланттар көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, қазылар алқасының жоғары бағасын алды.

Байқау нәтижелері бойынша жеңімпаздар үш жас санатында

анықталды. 7-10 жас аралығындағы санатта I орынды Ақтоғай ауданынан келген Медине Қайролла иеленсе, II орын Осакаров ауданының өкілі Нұртілек Шаймұратқа бұйырды. III орынды қарқаралық Көркем Болат еншіледі. 11-13 жас аралығындағы топта Қа-

рағанды қаласынан Айсәуле Марат үздік деп танылды. II орын Ақтоғай ауданының намысын қорғаған Дильназ Сағындыққа, III орын Осакаров ауданынан қатысқан Кәусар Аманкелдіге берілді. Ал, 14-18 жас аралығындағы орындаушылар арасында I орынды Теміртау қаласынан Нұрсая Рағаали иеленді, II орын Шахтинск қаласының «Балауса» вокал тобына, III орын Топар кентінен келген Инжу Жанымханға тиесілі болды.

Салтанатты шара сонында байқау қатысушылары арнайы Алғыс хаттар мен ақпалай сыйлықтармен марапатталды. Мәдениет қызметкерлері болашақ жұлдыздарға шығармашылық табыс пен сарқылмас шабыт тіледі.

Бұл байқау жас таланттардың өнер әлеміне қанат қағып, сенімді қадам басуына зор серпін бергені сөзсіз.

Ауялым ЖАНАТОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет ұйымдастырушылардан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Гонконгтан қос жүлде

Гонконгта өткен жеңіл атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы сәтті өнер көрсетіп, жалпы есепте жеті медаль жеңіп алды. Ел қоржынына түскен жүлденің екеуі қарағандылық спортшыларға тиесілі. Бір күміс және бір қола медаль.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, ұлттық құрама сапында кеншілер өлкесінен алты спортшы бақ сынаған. Олардың ішінде, ең жоғары нәтижеге Әлия Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушілері қол жеткізді.

Атап айтсақ, Милана Зубарева 4×400 метрлік эстафетада жоғары шеберлік танытып, мәре сызығын екінші болып кесіп, Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Ал, Алина Головина 100 метрге келдергілер арқылы жүгіру сайысында үздік үштіктен көрініп, қола медальға ие болды.

Қарағандылық спортшылар аралас 4×400 метрлік эстафетада да жүлдеге бір табан жақын келді. Құрамында қарағандылық Милана Зубарева, Нұржан Сейдрахман және

Павел Куликов болған ел командасы тартысты бәсекеді төртінші орынға тұрақтады.

Облыстың жеңіл атлетикадан аға жаттықтырушысы Андрей Агеевтің айтуынша, сәл сәтсіздік орын алса да, маңызды жетістікке қол жеткізген.

– Жұлдеге сәл ғана жетпей қалдық. Дегенмен, бұл қашықтықта Қазақстан рекорды он секундтан астам уақытқа жаңарды. Жалпы алғанда, маусым жоғары деңгейде өтуде, – деді ол.

Өзге спортшылар да жақсы нәтиже көрсетті. Юлия Демкина 100 метрге жүгіруде өзінің жеке рекордын жаңартса, Мақсат Базарбаев биіктікке секіруде 195 сантиметр жеңені бағындырып, көрсеткішін жақсартты.

Еркеайым АТЫКАНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparaq» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Өлімхан Ермаков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 10 108

№59 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сөтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ